



**ОТБАСЫ –
ТӘРБИЕ
БЕСІГІ**

4-бет



Айдар САЙТБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі Мақан
Есболатов атындағы Алматы
академиясының бастығы,
полиция генерал-майоры:

**«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА
ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ
ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ
КАДРЛАР ҚАЖЕТ»**

6-бет



**ҮЗІЛГЕН
ЖІП**

8-бет

ЗАН газеті

№62 (3593) 22 тамыз 2023

zangazet@mail.ru

ZANMEDIA.KZ Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



СҰХБАТ

Дариға ӨСКЕНБАЕВА,
ипотекалық брокер:

**«ДЕЛДАЛДАРДЫҢ
ЖҰМЫСЫН
РЕТТЕЙТІН
ЗАҢ ЖОҚ»**

**– Баспана бағасы неге ша-
рықтап кетті? Баға қайта түсуі
мүмкін бе?**

– Бүгінде осы салада жүргеніме 10 жылдай болды. Өз тәжірибемнен айтайын, осы жылдар ішінде үй бағасының түскенін байқамадым. Үй бағасының өсуіне әсер еткен факторларды сіз де, біз де жақсы біліп отырмыз. Бірыңғай зейнетақы қорынан ақша алуға берілген мүмкіндік, көрші елдегі жағдайдың теңге қңсыздандуына алып келуі, 7-20-25 бағдарламасының іске қосылуы, «Алматы жастары» бағдарламасы ауқымының үлкендігі – баға өсуінің ең негізгі себептері. Дегенмен салыстыра қарасақ, алдыңғы жылға қарағанда баға тұрақталып келеді. Тұрақтанатын да жөні бар, себебі соңғы 4-5 ай бойы сатылым түсіп кетті. Қымбатшылыққа алып келгенін байқаған соң, мемлекет те көп бағдарламаларды тоқтатып тастады. «7-20-25»-тің өзі бірнеше кезеңге бөлініп, берілетін болды. Оның өзінде, бағдарлама игілігін көріп жатқандар шамалы. Арнайы берілген орындар бағдарламаны қайта қосқан сайын тез арада толып қалып отыр. Мысалы, осы жылы рекорд болды. 10 секундтың ішінде орын толып қалды. Әрине, осылай жалғаса берсе, баға түсер деп күтуге де болмайды. Өйткені соңғы аптада үй іздеушілер тағы да көбейді. Байқауымша, көбісі – мұғалімдер. Басым бөлігі – «Отбасы банкне» депозитке қаражатын жиып келгендер. Салдар-себепін оқу жылының басталуымен, грант нәтижелері шығып, жастардың оқуға түсуімен сипаттауға болады. Оның үстіне нақты ақпар бар. Бүгінде Қытай мен Қазақстан шекарасында кеден жеңілдеп жатқан көрінеді. Ал оның игілігін сондағы қандастарымыз көріп үлгеріп қалмақшы. Келген халық, әрине, үй іздейтіні анық. Сондықтан келушілер толқыны артар болса, қазіргі бағаның өзі көрген түстей жоқ болуы бек мүмкін. Ал келушілер толқынын күз айында байқайтын боламыз.

– Үй сатып аларда неге мән беру керек? Құжаттарды қалай тексереміз?

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ҚАЗАҚСТАН» ШАХТАСЫНДАҒЫ АПАТ: ЕЛІМІЗДЕГІ ӨНДІРІС ҰЛТТЫҚ КАДРЛАР ҚОЛЫНА ӨТУІ КЕРЕК



Өткен аптада елімізде апаттан бес адамның өмірі үзілді. Ажалға себепші болған бұл оқиға тағы да «Арселор-Миттал Темиртау» АҚ-ның көмір депарментіне қарасты «Қазақстан» шахтасында орын алған. Мұндай оқиға бұл өндірісте бірінші рет болып тұрған жоқ. Отыз жылдан бері бұл жерде мұндай апат бірнеше рет орын алып, оларда 200-ден аса отандасымыз қайтыс болды. Бұл – олардың мезгілсіз үзілген ғұмыры ғана емес, олардың артында қалған ата-ананың, бала-шағаның, бауырлардың жан жарасы, орындалмай қалған арманы, өзекті өртеген өкініші, тағдыры. Сондықтан да Конституциясында адам және оның өмірі ең үлкен құндылық екені жазылған елімізге бұл үлкен сын.

(Соңы 2-бетте)

САРАП

ЖЕКЕ ТІНТУ ЖҮРГІЗУДЕ НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

Қолданыстағы қылмыстық-процестік заң талаптарына сәйкес, егер тінтуді (жеке тінтуді) кейінге қалдыруға болмаса, онда тінту (жеке тінту) кейіннен материалдарды бір тәуліктік мерзімде тергеу судьясына тексеруге жібере отырып, тергеуші немесе анықтаушының уәжді қаулысы бойынша жүргізілуіне заңмен жол беріледі. Мұндай қаулының көшірмесі бір мезгілде прокурорға жіберілуі керек.

Кезек күттірмейтін тінту (жеке тінту) жүргізу туралы қаулы мен тиісті материалдар сотқа келіп түскен соң, тергеу судьясы жүргізілген тінтудің заңдылығын тексереді және оның заңды немесе заңсыз екені туралы уәжді қаулы шығарады. Тергеу судьясының қаулысы қылмыстық істің материалына қоса тігілуі тиіс. Жүргізілген тінтудің заңсыз екені туралы шешім қабылданған жағдайда, оның нәтижелері қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберілмейді.

Сот-тергеу тәжірибесі көрсеткендей, кезек күттірмейтін тінту (жеке тінту) жүргізуде көптеген заң бұзушылықтар орын алады. Мысалы, сот үкімімен К.-ның аса ірі мөлшерде есірткі

заты – героинді өткізу мақсатында заңсыз иемденгені және сақтағаны, оның ішінде 0,79 г өткізгені, 0,04 г күртесінің қалтасында сақтағаны, 1,18 г үйінде шалбарының қалтасында сақтағаны үшін кінәлі деп танылып, 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Жоғарғы Соттың алқасы іс материалдарын қарап, ондағы есірткіні сату фактісі мен 0,04 г героинді күртесінің қалтасында сақтау толық дәлелденген деген қорытындыға келді. Алайда аса ірі мөлшерде (1,18 г) есірткі заты героинді өткізу мақсатында үйінде шалбарының қалтасында заңсыз сақтау фактісі бойынша тергеу әрекеттері жүргізілген кезде заңның өрескел бұзылуына жол берілген. Іс материалдарына

тергеушінің кезек күттірмейтін тінту жүргізу туралы қаулысы тіркелген, тінтудің барысы мен нәтижесі хаттамамен бекітілген, алайда кезек күттірмейтін тінту жүргізу туралы қаулы мен тиісті материалдар заңдылығын тексеру үшін мүлдем жолданбаған. Осыған орай, тінту кезінде алынған дәлелдемелер Жоғарғы Сотпен заң күші жоқ деп танылып, заңды күшіне енген үкім өзгертіліп, К.-ға қатысты тағайындалған жаза мөлшері төмендетілді.

Тергеу соттарына заңдылығын тексеру үшін жолданған қаулылар мен материалдарды зерттеу барысында мынадай жағдайлар анықталды. Көп жағдайларда кезек күттірмейтін тінту (жеке тінту) жүргізу туралы қаулыларда не себепті тінтудің тергеу судьясының санкциясыз жүргізілгені нақты айтылмайды, сондай-ақ ерекше жағдайлардың сипаты мүлдем ашып көрсетілмейді. Мысалы, қаулылардың басым көпшілігінде тінтудің кезек күттірмейтіндігін тергеуші: «Қазіргі кезде ізде-стіріліп жатқан объектіні табу ұзақ уақытқа со-

зылып кетуі мүмкін деген нақты қауіп бар», – деп уәждейді. «Объектінің кідіруден жоғалып кету мүмкіндігін» немесе «Нақты қауіптің бар екенін» тергеуші немесе анықтаушы өзінің ішкі сенімі бойынша бағалайтыны белгілі. Бұл ретте оның заң мен ар-ожданды басшылыққа алуы маңызды. Алайда тергеушінің бағалауы нақты жағдайда қаншалықты объективті анықтайды? Мұндай сұрақ тергеу судьяларына қиындық туғызады. Оны кейде қылмыс туралы ақпараттың тіркелген кезінен бастап кейінге қалдыруға болмайтын тінту жүргізгенге дейінгі уақыт интервалы арқылы анықтауға болады.

Тағы бір назар аударатын мәселе – қолданыстағы Қылмыстық-процестік заң «кезек күттірмейтін» ерекше жағдайлардың мерзімін де анықтамайды. Бірақ біздің пайымдауымызша, бұл мерзім тінту туралы материалдарды қалыпта жағдайда сотқа жолдаудың және оны сотта қараудың орташа мерзімінен аспауы керек (шамамен бір жұмыс күні). Сондықтан да ерекше жағдайлардың «кезек күттірмейтіні» анықтауда мына мән-жайға көңіл аудару қажет деп ойлаймыз. Егер белгілі бір уақыт интервалы өткеннен кейін (шамамен бір жұмыс күні) тінту жүргізу өзінің актуалдығын әлі де жоғалтпайтын болса, онда бұл тергеу әрекетін кезек күттірмейтін тінту жүргізу деп тануға болмайды. Алайда тінту жүргізуде «кейінге қалдыруға болмайтын» немесе «кейінге қалдыруға болатын» жағдайларды анықтау, ара жігін ашу қиындық туғызады.

(Соңы 2-бетте)

«ҚАЗАҚСТАН» ШАХТАСЫНДАҒЫ АПАТ: ЕЛІМІЗДЕГІ ӨНДІРІС ҰЛТТЫҚ КАДРЛАР ҚОЛЫНА ӨТУІ КЕРЕК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тосыннан келген келген нәубет болса, «апат айтып келмейді» деп, шарасыздық танытар едік. Алайда, бір емес, бірнеше рет қайталанған техногендік оқиға жайлы бұлай айту – жауырды жаба тоқу, тіпті қылмыс. Өйткені уақыт аралатып қайталанып, ондаған адамның өмірін жалмап жатқан бұл апат – жауапсыздықтың, немқұрайдылықтың, әрекетсіздіктің, тіпті, босбелбеулік-тің салдары.

Үндістандық Лакшми Митталдың елімізге келіп, көмір комбинатында арнайы шартпен жұмыс істей бастағанына отыз жылға таяпты. Алайда жеріміздің байлығын емінен-еркін пайдаланып жатқан оған сонша жылдан бері қарапайым еңбек шартын, қауіпсіздік талаптарын орындата алмай келеміз. Бұл құжаттарды қайта қарауға дәрмен жетпей отыр.

Өзекті өртеген мәселенің айтылуында кемшілік жоқ. Апат болған сайын бұқаралық ақпарат құралдарында «Арселлор Миттал Теміртаудың» жыры қозғалады. Алайда бұған мау деп жатқан серіктестік көрінбейді. Басшылығы әкесінен баласына көшкен алып компанияда ескірген шахталарды жабу немесе кен орындарына жаңа технология, жаңа әдіс-тәсілдер енгізу мол табыстың көлемесінде қалғандай. Өндіріс тізгінін өз қолына алған Адитья Миттал да әкесінің соқпағына түскен сынайы. Ол үшін де бастысы – мол

өнім. Ал оны шығаратын адамның денсаулығы, өмірі екінші мәселе сияқты. Мұны өндірістегі қарапайым еңбек қауіпсіздігінің сақталмауынан байқауға болады. Мәселен, шахтаның руда алатын бөлігін қазудың тиісті өлшемдері мүлде ұмыт қалған. Олардың Үндістандағы шахталарында мұндай заңдылықты белден басу жоқ дейді сарапшылар.

«Қамысты бос ұтасан, қол кеседі» дегендей, мұның бәрі біздің шенеуніктердің жігерсіздігінен, адам тағдырына самарқау қарауынан десек, артық айтқандық емес. Мұны уақытында Парламент Мәжілісінің экс-депутаты Юрий Жулин орынды айтқан еді. Естеріңізде болса, былтыр қараша айында «Арселор Миттал Теміртауда» тағы да апат болып, онда бес адам қаза тапқан еді. Сол оқиғадан соң Жулин Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдап, серіктестіктің еңбек қауіпсіздігіне қатысты әрекетсіздігін ашына айтып, бұған тез арада шара қолдану керектігін мәлімдеген болатын. «Егер бүкіл ел бойынша жұмыста өлім-жітім төмендеп жатса, ArcelorMittal да ол есуде. Кез келген басқа елде инвестордың мұндай мінез-құлқы баяғыда келісімшартты бұзуды қоса алғанда, шешуші әрекетке құқықтық негіз болатын еді. Сондықтан Үкімет ұлттық және халықаралық заңнамаға сүйене отырып, бұл инвестордан өндірісті терең жаңғыртуды, қуаттарды кеңейтуді, жұмысшылардың қауіпсіз еңбек пен лайықты еңбекақыға құқықтарын, сондай-ақ

экологиялық стандарттарды сақтауды түбегейлі және қатаң талап етуі керек. Бұл үшін бізде қажетті заңдық негіз бар», - деген еді ол.

Жуырдағы оқиға да депутаттарды бейжай қалдырмады. Әсіресе, «Аманат» партиясының Парламенттегі фракциясы айрықша белсенділік танытып, «Арселлор Миттал Теміртауға» қарсы жұртшылық наразылығына үн қосты. Олардың Үкіметке жасаған мәлімдемесінде бұл оқиғаның көпке беймәлім бірқатар себебі жария болып отыр. Халық қалаулыларының айтуынша, болған жағдай – көмір шахталарындағы техникалық жағдайдың нашарлығынан бөлек, өндірістік персоналдың ойланбастан қысқартылуының тікелей салдары. Ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап қосалқы жұмысшыларды, оның ішінде шахталық конвейерлерге қызмет көрсететіндерді жер бетіне шығару осыған әкелді. Мұндай жағдайлар бұрын АМТ-ның болат бөлімінде болып, онда да адамдар ажал құшқан. Трансұлттық компанияның басшысы Миттал мырзаға бірнеше рет ескерту жасалғанымен, қайғылы оқиғалардың, азаматтардың жарақаттануы мен өлімінің алдын алу үшін күш салуға тырыспайды. Сондықтан онымен есеп айырысатын кез келді. Заң барлық адамдар үшін қатал және әділ болуы тиіс. Бас прокурор қай жерде болса да, осы трансұлттық компанияның басшылығын жауапқа тарту керек.

Бүгінде Мемлекет басшысы «Қазақстан» шахтасында болған

өртке байланысты Үкіметке және Қарағанды облысының әкімдігіне апат себептеріне жан-жақты тергеу жүргізу, сондай-ақ, зардап шеккендерге қажет барлық көмекті көрсету жөнінде тапсырма берді. Үкіметке осы кәсіпорынға иелік ететін шетелдік компаниямен жұмысшылардың қауіпсіздігін мүлтіксіз қамтамасыз ету жөнінде келіссөз жүргізу міндеттеліп отыр.

Шынында да, «АрселлорМиттал Теміртау» басшыларының ұстанымы түсініксіз. Бір қарағанда, олар бұл кәсіпорынның бағасын білетін сияқты. Компанияның бас директоры Адитья Миттал былтыр келген кезде көмір мен руданы шығарып қана қоймай, дайын өнімге айналдыратын мұндай бірегей кәсіпорынның аймақта ғана емес, алыс шетелдерде де даму болашағы зор екенін айтыпты. Шынында да, өзінің кені, көмірі және энергетикалық базасы бар тау-кен металлургиялық кешені әлемдік стандарттар бойынша өте маңызды байлық болса керек.

Кәсіпорынның жаңа бас директоры Владимир Яблонскийдың айтуынша, серіктестік басшылары мұны жоққа шығармайды. Десе де, республикалық өнеркәсіп алыбының төңірегіндегі жағдай оңай емес. Өйткені таразының бір жағында болат, прокат, кокс, бюджетке түсетін қомалты салықтар, жұмыс орындары, қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі тұрса, екінші жағында адам өмірі мен аймақтың экологиялық қауіпсіздігі бар. Былтырғы

Теміртауға келген сапарында Адитья Миттал компаниядағы қауіпсіздік өндірістен жоғары тұруға тиістігін, сондықтан оны жақсартуға ұмтылу керектігін айтып, нақты тапсырмалар да беріпті-мыс. Қауіпсіздік мәдениеті жақсарып, әрбір жұмысшы қауіпті жұмысты тоқтатуға және ол үшін жазаланудан қорықпауға құқылы болуы керектігін айтыпты. Осыған орай жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға және өндірістік процестерді жетілдіруді жалғастыруға басымдық беріліп жатқан көрінеді. Алайда бұл процестің нәтижесі бірден емес, уақыт өте келе көрініс береді. Сондай-ақ Яблонский мырза кәсіпорындарда кадрлармен жұмыс жүргізіліп жатқанын айтады. Жасалып жатқан өзгерістер анық және оның бәрі командаға жақсы таныс. Жұмыс орнында қаза тапқан қызметкерлерге қатысты да компания өз міндеттерін орындап жатыр. Мәселен, былтырғы апаттан кейін қаза тапқан жұмысшылардың отбасыларына 10 еселенген жалақы төленіп, басқа да көмектер көрсетіліпті.

Әрине, мұнымен қайғыны жеңілдету мүмкін емес екені белгілі. Ең бастысы, жұмысты жеңілдететін жаңа технологиялар енгізу, еңбек қауіпсіздігі талаптарын тиісті деңгейде орындау. Бұл тұрғыда компания басшылығының айтқан жауабы, біздіңше, бәрібір тым сырғытпа. Егер нақты жұмыс жүріп жатса, оның нәтижесі ендігі көрінер еді. Отыз жыл аз уақыт емес. Көріп отырғанымыздай, шахталардағы өлім азайғанын орнына көбейіп барады. Оларда тіпті ай сайын апат болып, адамдар қаза тауып жатады екен. Демек, осындай қайғылы оқиғалардың алдын алмай отырған, оған ынта танытпай отырған Митталдардың бұл істен тысқырылатын кезі келді. «Өзіңнен тұмай ұл болмас» демекші, өз өндірісімізді өзіміз басқармай, бұл мәселені толыққанды шеше алмамысыз анық. Тоқ етерін айтқанда, отандық өндіріс ұлттық кадрлардың қолына өтуі керек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ЖЕКЕ ТІНТУ ЖҮРГІЗУДЕ НЕНІ ЕСКЕРГЕН ЖӨН?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көп жағдайда ол тергеушінің жеткілікті негізсіз әрекет етуіне немесе қызмет бабын асыра пайдалануына әкеліп соқтыруы мүмкін. Осы орайда, қолданыстағы ҚПК-нің кейбір ұғымдарына түсіндіру берілетін 7-бабын «кейінге қалдыруға болмайтын жағдайлар» ұғымымен толықтыру қажет деп есептейміз. Бұл сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамға жағдайды берілген ұғым тұрғысынан ұтымды бағалауға және неғұрлым объективті шешім қабылдауға мүмкіндік берер еді.

Кейінге қалдыруға болмайтын тінту (жеке тінту) жүргізудің заңдылығына қатысты тағы бір мәселеге тоқтала кетуді жөн санаймыз. Адамның жеке басын тінту Қазақстан Республикасы Конституциясының 16 және 17-баптарында белгіленген адам мен азаматтың жеке басы мен қадір-қасиетіне тиіспеушілік құқықтарын тікелей қозғайтындықтан, бұл тергеу әрекеті тергеу судьясының санкциясымен жүргізілуі тиіс. Алайда заңда көзделген кейбір жағдайларда жеке тінту жүргізу арнайы қаулы шығарылмай-ақ, тіпті соттың санкциясыз да жүргізіледі. ҚПК-нің 255-бабының 3-бөлігіне сәйкес, жеке тінту, егер заң талаптарын сақтай отырып тінту жүргізіліп жатқан үй-жайдағы немесе өзге орындағы адам іс үшін маңызды болуы мүмкін құжаттарды немесе нәрселерді өзінде жасырып отырып деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясыз жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жеке басын тінту тіпті куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін. Әлбетте, дер кезінде тиісті тергеу әрекетін жасамау құнды деректердің жоғалуына әкеліп соқтыру ықтималдығын жоққа шығаруға болмайды, сондықтан бұл мәжбүрлі шара болып табылатыны дау тудырмаса керек.

Дегенмен аталған тергеу әрекеті аяқталғаннан кейін қажетті материалдардың тергеу судьясына тексеру үшін жіберілмейтіндігі, тіпті ол туралы прокурорға да хабарланбайтыны заңды сұрақтар туында-

тады. Атап өтуіміз керек, жеке басты тінту барысында тінту мен алуды жүргізу тәртібінің сақталуын талап ететін арнайы норма бар. Қылмыстық-процестік кодекстің 255-бабының 1-бөлігіне сәйкес, «Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы Кодекстің... 254-бабының талаптарын сақтай отырып,... жеке басына тінту жүргізуге құқылы». Олай болса, тікелей сілтеме жасалып отырғандықтан, 254-бапта (Тінту мен алуды жүргізу тәртібі) көзделген нормалар, оның ішінде соттың санкциясыз жүргізілген тергеу әрекетін тергеу судьясының тексеріп, оның заңдылығы (не заңсыздығы) туралы қаулы шығаруы, кезек күттірмейтін жағдайларда жеке басқа тінту жүргізуде де қолданылуы тиіс деген қорытындыға келуге болады.

Алайда аталған 254-баптың талаптарын теориялық қолдану мүмкіндігін мүлдем жоққа шығаратын өзге норма да бар. Ол 255-баптың 3-бөлігінде көзделген, оған сәйкес жеке басты тінту онда көрсетілген жекелеген жағдайларда «...арнайы қаулы шығарылмай және тергеу судьясының санкциясыз жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда жеке басын тінту куәгерлердің қатысуынсыз жүргізілуі мүмкін.». Бұл жерде ең басты мәселе тергеушіні немесе анықтаушыны жеке басты тінту туралы арнайы қаулы шығару міндетінен босатуда болып тұр. Біріншіден, бұл, жоғарыда аталған 254-баптың 1-бөлігіне тікелей қайшы келетінін көреміз. Онда «Тінту мен алуды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам уәжді қаулы бойынша жүргізеді» делінген. Олай болса, 255-баптың 3-бөлігінде көзделген жағдайларға 254-бапта (Тінту мен алуды жүргізу тәртібі) көзделген нормалар қолданылмайды дегенді білдіреді.

Көріп отырғанымыздай, заң шығарушы кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізуде белгілі бір жағдайларда «кейінгі» сот бақылауын белгілес, келесі бір жағдайларда мұндай бақылауды мүлдем қарастырмайды. Осылайша үй-жайды тінту барысында жүргізілген жеке тінту тергеу судьясының бақылауынан



да, қорғауынан да тыс қалатын жағдайлардың бар екенін көреміз. Бұл жерде тұрғын үйге тиіспеушілік құқығы адамның жеке басының бостандығы мен оның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық құқығынан үстемдеу екенін білдірмесі анық. Аталған конституциялық құқықтардың біріне басымдық беріп, келесісін төмендетуге жол берілмейтін атап өтуіміз керек. Олай болса, соттың санкциясыз жеке тінту жүргізу және оған «кейінгі» сот бақылауының болмауы осы аталған конституциялық құқықтарды бұзу болып табылады, яғни ҚПК-тің 255-бабының 3-бөлігінің 1)-тармағы Конституцияның 16 және 17-баптарына қайшы келеді деп есептейміз. Сонымен қатар, аталған норма ҚПК-нің 10 (заңдылық), 13 (жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу), 14-баптарында (жеке басқа қолсұғылмаушылық) көзделген қылмыстық процестің қағидаларына қайшы келеді. Біздің ойымызша, жеке тінту жүргізудің аталған «жеңілдетілген» түрін ҚПК-тің 220-бабының 14-бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізу туралы тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендердің негізінде қылмыстық-процестік заңға мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынамыз: – ҚПК-тің 7-бабын мынадай мазмұндағы 59)-тармақпен толықтыруды: «59) кейінге

қалдыруға болмайтын жағдайлар – қылмыс жасаудың жолын кесу және алдын алу қажеттілігімен байланысты туындайтын жағдайлар, сондай-ақ тергеуші мен анықтаушыда тергеу әрекетін жүргізуді кешеуілдетуіс үшін дәлелдемелік маңызы бар заттар мен құжаттарды жойып жіберуге, бүлдіруге, жоғалтуға немесе жасырып қояуға, олардың сақталуы дер кезінде қамтамасыз етілмесе белгілі-бір адамдардың немесе табиғи құбылыстардың әсерінен өз қасиеттері мен сапасын өзгертуге әкеліп соқтырады деген нық сенімділік туғызатын жағдайлар»;

– 255-баптың 3-бөлігін мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтыруды: «Осы бөліктің 1)-тармағында көзделген жағдайларда тиісті үй-жайды немесе өзге орынды тінту материалдары бойынша жеке тінтудің заңдылығын тексеру осы Кодекстің 220-бабының 14-бөлігінде көзделген тәртіппен жүргізіледі». Осы өзгерістер мен толықтырулар кезек күттірмейтін тінту мен жеке тінтуді құқықтық реттеуді біршама жетілдіріп, құқық қолдануда туындайтын практикалық мәселелерді шешуге септігін тиізеді деп ойлаймыз.

А.ИМАНҚҰЛОВ,
Алматы қаласы
Жетісу аудандық №2 сотының
судьясы

АЙМАҚ

Түркістан қаласында «Қазақстанның үздік тауары – 2023» өңірлік байқау-көрмесі өтті. Көрмеге азық-түлік, машина жасау, химия, қолөнершілер, жеңіл өнеркәсіп пен құрылыс индустриясының 80-нен астам тауар өндірушілері қатысты. Аталған байқауға Кентау қаласынан төрт кәсіпорын қатысты. Атап өтер болсақ, республика бойынша трансформатор жасайтын зауыттың бірі – «Кентау трансформатор зауыты» акционерлік қоғамы, Кентау «Темір бетон» зауыты, «Lider» кір жуатын ұнтағын шығаратын «BIG Bastau» ЖК, «SUPERGLAD» ЖК қатысып, өз өнімдерін өңір халқына ұсынды.



ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



Отандық өнімдерді қолдау мен отандық өндірісті дамыту, халық арасында сапа идеясын насихаттау мақсатындағы көрме-байқауға Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды қатысып, тауар өндірушілердің өнімін қарап, олармен тілдесіп, жұмыстарын жоғары бағалады.

– Бүгін біз сіздермен бірге өзіміздің жергілікті тауар өндірушілердің көрмесін тамашаладық. Көрмеге қатысушы кәсіпорындармен таныстым. Олардың шығаратын өнімдері тұтынушылар арасында жақсы сұранысқа ие болады деген сенімдемін. Түркістан өңірі аграрлық өлке болғандықтан, көптеген кәсіпорындар тамақ өнеркәсібі саласында жұмыс жасайды. Бизнесіміз қолдау Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты бақылауында. Бүгінгі күні кәсіпкерлерді қолдау бойынша түрлі мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Инфрақұрылымдық қолдау бойынша өңірде арнайы экономикалық аймақ және индустриалды аймақтар жұмыс жасайды. Алда өндірістік аймақ құрамыз деген жоспар бар. Мұндай жобаны қолға алудағы негізгі мақсатымыз – өндіріс орындарын арттыру. Әкімдік осы бағыттағы бастамаларыңызды қолдауға дайын. Оған мен өзім кепіл беремін. Бүгінгі өңірлік байқауға қатысып отырған әрбір кәсіпорын жүлдеге лайық. Жеңімпаздарға алдағы республикалық байқауда сәттілік тілеймін, – деді облыс әкімі Дархан Сатыбалды.

Сараптамалық комиссия «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халыққа арналған үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациялары бойынша жеңімпаздарды анықтады. Өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі – басты талап. Нәтижесінде «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясында «Кентау трансформатор зауыты» АҚ, Арыс қаласындағы поливинилхлорид түйіршіктері мен

қатысушылары түркістандық өндірушілердің өнімімен танысып қана қоймай, оны төмен бағада сатып алды. Түрлі өнімдер – нан және кондитерлік өнімдер, халық тұтынатын тауарлар, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары және тағы басқа заттар төмендетілген бағамен ұсынылды. Сондай-ақ көрме қонақтарына лотерея ұйымдастырылып, онда бағалы сыйлықтар ойнатылды.

Бұл көрме-байқау 2019 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Жылдан-жылға тауар өндірушілердің саны артуда. Әрине, Түркістан төріндегі байқау облыста шағын және орта кәсіпкерліктің жақсы дамып келе жатқанын аңғартты. Аталған шара кәсіпкерлер өнімінің халыққа танылуына жол ашады. Сондай-ақ жаңа кәсіп орнын ашу арқылы еліміздің және экономиканың дамуына жол ашады.

Кентау қаласынан қатысқан «BIG Bastau» жеке кәсіпкерлігінің директоры Жандос Полатбековтың сөзіне қарағанда, отандық өндіріске деген сұраныс жыл сайын артып келеді.

– Әрине, біздің өңірімізде осындай өндіріс орнының ашылғанына қуаныштымын. Бұл байқауға бірінші рет қатысып отырмыз. «Қазақстанның үздік тауары» алғыс хатын алдық. Біз аталған байқауға екі түрлі бағыттағы өнім алып келіп, халыққа ұсынып отырмыз. Қазақтың ұлттық «Бестемше» ойынын және «Lider» кір жуатын ұнтақ, сұйық кір жуатын гель, сұйық сабын алып келдік. Көрмеге келген қонақтардың басым бөлігі ұлттық «Бестемше» ойынын білмейтіндерін жасырмады. Әлемнің 27 еліне танылып, Қытай, Якутия, Түркия, Моңғолия елдерінің мектептеріне енгізіліп, балаларға дене шынықтыру сабағына енгізілген ойын. Аталған ойынды біздің республикамыздың Астана, Орал, Ақтау, Жамбыл, Қызылорда және тағы басқа өңірлерінде мектепке дейінгі мекемелерде балаларға үйретуде. Ата-бабамыз ойлап шығарған бұл ойын ұлттық құндылыққа және математикалық әріфметикаға толы. Осы ойынды ойнау арқылы баланың қол моторикасы дамиды және математиканың төрт амалын меңгереді. Осы ойынды Түркістан өңіріндегі мектепке дейінгі мекемелерде және бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі пәніне енгізуді жоспарлап отырмын, – деді Жандос Полатбеков.

Ал, «Халық тұтынатын үздік тауарлар» номинациясы бойынша минералды табиғи су шығаратын «Бекзат Бақ» ЖШС, «Asia Brand» ЖК жиһаз компаниясы және аяқ киім фабрикасы «Арай» ӨК жеңімпаз атанды.

«Қазақстанның үздік тауары – 2023» өңірлік байқауының жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар табысталды. Өңірлік іріктеу жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен жыл соңында Астана қаласында өтетін республикалық байқауға қатысады. Өзге де аталымдар бойынша үздіктер анықталды. Жеңімпаздар алғыс хаттармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Сондай-ақ шара барысында «Мен кәсіпкер» жобасы аясында «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысушылардың көрмесі өтті. «Бір ауыл – бір өнім» жобасының басты мақсаты оқыту және консультациялық сүйемелдеу арқылы жергілікті өнімнің бірегей түрлерін жасау және олардың сапасын арттыру болып табылады. Жобаға қатысушылар жергілікті брендтерді құруда нақты көмек, сондай-ақ халықаралық және республикалық сауда алаңдарына шығу үшін маркетингтік сүйемелдеуде қолдау алады. Салтанатты шара елімізге танымал өнер жұлдыздарының концертімен жалғасты. Байқау-көрменің қонақтары мен

қатысушылары түркістандық өндірушілердің өнімімен танысып қана қоймай, оны төмен бағада сатып алды. Түрлі өнімдер – нан және кондитерлік өнімдер, халық тұтынатын тауарлар, сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары және тағы басқа заттар төмендетілген бағамен ұсынылды. Сондай-ақ көрме қонақтарына лотерея ұйымдастырылып, онда бағалы сыйлықтар ойнатылды.

Бұл көрме-байқау 2019 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Жылдан-жылға тауар өндірушілердің саны артуда. Әрине, Түркістан төріндегі байқау облыста шағын және орта кәсіпкерліктің жақсы дамып келе жатқанын аңғартты. Аталған шара кәсіпкерлер өнімінің халыққа танылуына жол ашады. Сондай-ақ жаңа кәсіп орнын ашу арқылы еліміздің және экономиканың дамуына жол ашады.

Кентау қаласынан қатысқан «BIG Bastau» жеке кәсіпкерлігінің директоры Жандос Полатбековтың сөзіне қарағанда, отандық өндіріске деген сұраныс жыл сайын артып келеді.

– Әрине, біздің өңірімізде осындай өндіріс орнының ашылғанына қуаныштымын. Бұл байқауға бірінші рет қатысып отырмыз. «Қазақстанның үздік тауары» алғыс хатын алдық. Біз аталған байқауға екі түрлі бағыттағы өнім алып келіп, халыққа ұсынып отырмыз. Қазақтың ұлттық «Бестемше» ойынын және «Lider» кір жуатын ұнтақ, сұйық кір жуатын гель, сұйық сабын алып келдік. Көрмеге келген қонақтардың басым бөлігі ұлттық «Бестемше» ойынын білмейтіндерін жасырмады. Әлемнің 27 еліне танылып, Қытай, Якутия, Түркия, Моңғолия елдерінің мектептеріне енгізіліп, балаларға дене шынықтыру сабағына енгізілген ойын. Аталған ойынды біздің республикамыздың Астана, Орал, Ақтау, Жамбыл, Қызылорда және тағы басқа өңірлерінде мектепке дейінгі мекемелерде балаларға үйретуде. Ата-бабамыз ойлап шығарған бұл ойын ұлттық құндылыққа және математикалық әріфметикаға толы. Осы ойынды ойнау арқылы баланың қол моторикасы дамиды және математиканың төрт амалын меңгереді. Осы ойынды Түркістан өңіріндегі мектепке дейінгі мекемелерде және бастауыш сыныптардағы дене тәрбиесі пәніне енгізуді жоспарлап отырмын, – деді Жандос Полатбеков.

Төрт мың жылдық тарихы бар ойын тақтасының авторлары – Дуниежүзілік Тоғызқұмалақ федерациясының вице-президенті Мақсат Шотаев және Астана қаласы Тоғызқұмалақ қауымдастығының атқарушы директоры Жандос Полатбеков.

– Мен бүгінгі көрмеге Кентау қаласынан келіп отырмын. Біздің өңірде осыншама тауар өндіретінін көріп қуанып тұрмын. Әрине, бағасы қолжетімді, сапасы жоғары отандық өнімді қолданғанға не жетсін! Өзіміздің отандық өнімді қолдауға және оны тұтынуға дайынмын. Кентау қаласында ашылған бірнеше өндіріс орындары бар екен. Маған, әсіресе, «Бестемше» ойыны қатты ұнады. Балаларға арналған ойынның ерекшелігіне тәнті болдым, – деді Кентау қаласының тұрғыны Баян Халиқызы.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰРЫҚ

ПӘТЕР АЛАЯҚТАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жетісу полицейлері Талдықорғанда 11 қылмысқа қатыстылығы дәлелденген алаяқтар тобына байланысты тергеуді аяқтады. Келтірілген шығынның жалпы сомасы 53 млн. теңгеден астам.

Топтың құрамына соңғы бірнеше жыл бірлесіп алаяқтықпен айналысқан төрт әйел кірген. Айыптау қорытындысына сәйкес, қылмыстық топтың іс-әрекеті жақсы ұйымдастырылған, олар негізінен қала тұрғындарына мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтер алуға көмектесуге, сондай-ақ басқа да мәселелерді шешуге уәде берген. Атақаралған жұмыс үшін алаяқтар шетелдік және ұлттық валютамен, аударым арқылы және қолма-қол ақшамен сыйақы алған. Кей жағдайда малмен есептесуге де келіскен. Тергеу амалдары бірнеше айға созылып, нәтижесінде төрт күдікті де сотталушы орындығына отырды.

Сот айыпталушылардың әрқайсысының жас балаларының болуын және жасаған қылмыстарын мойындап, өкінетіндігін, сондай-ақ жәбірленушілерге келтірілген шығынды толық қалпына келтіргендігін ескерді. Сот үкімімен сотталушылардың біреуіне шартты түрде 4 жыл бас бостандығынан айыру, ал қалған үшеуіне 3,5 жыл бас бостандығын шектеу түріндегі жаза тағайындалды.

Полиция қызметкерлері Жетісу облысының барлық өңірінде халық арасында алаяқтықтың алдын алуға бағытталған түрлі іс-шараларды өткізуде. Алаяқтардың айла-амалдары туралы азаматтарға түсіндіруде Талдықорған қаласында дайындалған бейнематериалдар өз тиімділігін көрсетуде.

Соңғы айда Талдықорғанда телефон алаяқтығының екі фактісі тіркелген. Екі жағдайда да алаяқтардың құрбаны қарт адамдар болған, оларға телефон соғып, туыстарының қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы хабарлаған. «Зейнеткерлік жастағы екі әйел жәбірленуші, олардың әрқайсысының автокөлік жүргізе алатын қыздары бар екен. Алаяқтар екі зейнеткерге телефон соғып, екі жағдайда да өздерін тәртіп сақшысымыз деп таныстырған. Бәрі бір сценарий бойынша жұмыс істейді – қызыңыз адамды қағып кетті, ауыр халде ауруханаға жатқызылған адамға, сондай-ақ көлік апаты фактісі бойынша проблемаларды шешуге шамамен 5 млн теңге қажет деп қоңырау шалады», – деп хабарлады қалалық полициядан. Жәбірленушілердің бірі алаяқтарға 3,5 млн теңге берсе, екіншісі 1 млн теңгесінен айырылған.

«Алаяқтықтың алдын алу мақсатында әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, интернет-кеңістікте түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Алайда біз ескі және дәлелденген амалға оралуды шештік, ол – егде жастағы адамдар үшін ыңғайлы брошюралар мен ұнпарақтар тарату, себебі алаяқтардың айла-шарғысына көбінесе аға буын түседі. Базарлар аумағында, сондай-ақ ірі сауда орталықтары мен басқа да қоғамдық орындардың маңында парақшаларды таратамыз», – деді Талдықорған ҚПБ бастығының орынбасары Қайрат Баймұханов.

Құлаққағыс: Алаяқтардың қулық амалына түсіп қалмаңыз. Бейтаныс адамдармен (әсіресе, телефон арқылы) сөйлескенде қырағы және мұқият болыңыз. Телефон қоңырауларына сенбеңіз және жинақ ақшаңызды ешкімге бермеңіз, тіпті сымның арғы жағында олар өздерін құқық қорғау органының қызметкерімін деп таныстырса да, құжат дерегін айтпаңыз. Сондай-ақ полицейлер алаяқтардың әрекеті туралы сіздің жаныңызда тұратын және интернетке қосылмаған қарт адамдарға хабарлауыңызды сұрайды.

Тәртіп сақшылары күдікті қоңыраулар түскен кезде дереу сөйлесуді тоқтатып, олар туралы полицияға «102» дабыл желісіне хабарлау қажеттігін еске салады.

Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»



ТАНЫМ

ӨЛМЕС МҰРА, ӨШПЕС ҚАЗЫНА

Ұлы ақын, ағартушы, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы – ұлт мақтанышы,



ғылым мен білім, әдебиет пен өнердің бастауы іспетті кемел кемеңгері.

Абайдың көркемдік, әлеуметтік гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – оның қара сөздері. Абайдың қара сөздері – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралайтын классикалық стильде жазылған прозалық шығарма. Жалпы саны қырық бес бөлек шығармадан тұратын Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан өзгешелеу, ауқымды. Абай өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. Сөйтіп, көркемдік шеберлік пен ғылыми зерделік арқылы көркемдік сана мен философиялық сана-ны ұштастырады. Абайдың қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының философиялық концепциясын құрайды. Абайдың қара сөздері сондай-ақ жалпы адамзат баласына ортақ асыл сөзге айналды. Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз, тағы басқа көптеген әлем тілдеріне аударылды. Абай қазаққа өлмес мұра, өшпес қазына қалдырды. Оның еңбектері – жастарға өнеге, болашаққа бағыт-бағдар. Көркемдіктің шыңы, кемелдіктің өлшемі.

Ә.ЖУНТАЕВА,
Шахтинск қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маман-сот отырысының хатшысы

ПАЙЫМ

БАСТАМА

Медиация ХХ ғасырдың екінші жартысында англо-саксондық заң жүйесімен біріктірілген АҚШ, Австралия және Ұлыбритания елдерінде пайда болды. Кейінірек қақтығыстарды шешудің бұл әдісі Еуропада да кең таралды және қазіргі уақытта ол Жапонияда, Қытайда, Кореяда және басқа да көптеген елдерде белсенді қолданылады. Бүгінгі таңда медиация Қазақстанда да белсенді дамып келеді.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕДИАЦИЯ



жастан асқан еркектерге) қатысты ауыр қылмыстар түрлері бойынша да медиативтік рәсімдер жасасу мүмкіндігі көзделген. Жоғарыда аталған адамдар, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес қылмыстар жасаған болса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

2011 жылғы 28 қаңтарда ҚР Президенті «Медиация туралы» заңға қол қойды. Осы заңның қабылдануымен елімізде дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту үшін құқықтық жағдайлар жасалды.

Қылмыстық процеске медиатордың қатысуы ҚР Қылмыстық-процестік кодекстің 64, 71 және 85-баптарымен реттелген.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексімен медиаторға қылмыстық процеске мынадай құқықтар берілген:

- 1) медиация тараптарына қылмыстық процесі жүргізетін орган беретін ақпаратпен танысуға;
2) медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылар туралы деректермен танысуға;
3) қылмыстық-процестік заңға сәйкес кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей, медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылармен оңаша және құпия кездесуге;
4) тараптарға медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасуға жәрдемдесуге құқылы.

Заңға келесі міндеттер жүктелген:

- 1) медиация жүргізген кезінде медиация тараптарының келісуімен ғана әрекет жасауға;
2) медиация басталғанға дейін медиация тараптарына оның мақсаттарын, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
3) медиация рәсімін өткізуге байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Медиатор тараптардың келісімімен медиация рәсімін қылмыстық құқықбұзушылық туралы өтініш пен хабарлама тіркелген кезден бастап және қылмыстық процесінің кейінгі кезеңдерінде үкім заңды күшіне енгенге дейін жүзеге асыруға құқылы.

ҚР «Медиация туралы» заңына сәйкес, медиацияны қолдану аясы жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардағы, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық іс жүргізу барысында қаралатын даулар мен жанжалдарды айқындайды.

ҚР Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылады.

Сонымен қатар, аталған баптың 2-бөлігінде жекелеген азаматтарға (қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр қылмысты алғаш рет жасаған кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол

Е.БОРАНБАЕВ, Ақтоғай аудандық сотының төрағасы, ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БЕСІГІ



Адамзат үшін ең басты құндылық – әрине, оның отбасы. Отбасының ең маңызды қызметінің бірі – балаға дұрыс тәрбие беру. Отбасы берген тәрбиені ешбір қоғамдық тәрбие алмастыра алмайтыны анық. Өйткені Ана мен Әкенің орны бөлек.

Алайда қазіргі таңда елімізде ажырасу бойынша статистиканың көрсеткіші жоғары. Әсіресе, тұрмыс құрған жастардың ажырасуға бейімділігі көрінеді, өйткені статистикаға сәйкес, елімізде ресми түрде тіркелген әрбір үшінші неке бұзылады.

Сол себептен ҚР Жоғарғы Сотының бастамасымен 2019 жылдан бастап барлық соттарда «Отбасылық сот» пилоттық жобасы іске қосылып, ол бойынша жұмыстар жүргізіліп, сәтті түрде әлі де жүзеге асырылуда.

Жалпы, «Отбасылық сот» пилоттық жобасының негізгі мақсаты шаңырақты сақтап қалу, некені бұзуға бел буған тараптарды татуластыру, татуласу арқылы неке бұзу санын азайту, балалардың толық отбасында тәрбиеленуіне мүмкіншілік беру, ал қажетті жағдайда отбасыға тегін құқықтық және психологиялық көмек көрсету болып табылады. Өйткені сотқа неке бұзу бойынша жүгінген ерлі-зайыптылар, сондай-ақ балалары да моральды тұрғыдан зардап шегетіні сөзсіз. Сондықтан да «Отбасылық сот» пилоттық жобасының аясында тараптарды татуластыру жұмыстарын тек судьялар ғана

емес, сонымен қатар, психологтар, медиаторлар, Билер кеңесінің мүшелері, педагогтар да атқарады.

«Отбасылық сот» пилоттық жобасының нәтижелері оңтайлы, тиімді болуы себепті, елімізде «Отбасылық соттардың» құрылуы дұрыс шешім деп пайымдауға болады. Яғни, отбасының бұзылуына жол бермейтін, осындай керемет миссияны арқалаған пилоттық жобаның жалғасы болуы құптарлық жағдай.

Осыған байланысты, ерлі-зайыптылардың неке бұзу себептерін білу және оның алдын алу, некені сақтап қалуға көмек беру үшін отбасы-тұрмыстық қатынастардан, яғни некеде болған немесе некедегі, бірге тұратын немесе бірге тұрған адамдар арасында туындайтын даулардың ер сотта емес, бір сотта қаралғаны өте дұрыс. Өйткені қазіргі таңға дейін отбасына қатысты азаматтық істер әртүрлі соттарда қаралуда. Мысалы, некені бұзу, алименттік міндеттемелерден туындайтын даулар, мүлік бойынша даулар, меншікті бөлу бойынша азаматтық істер аудандық және оған теңестірілген соттарда, ал балаларға қатысты істер, яғни Қазақстан Республикасының Аза-

маттық процестік кодексінің (әрі қарай – АПК) 27-бабының 3-тармағында көзделгендей, баланың тұрғылықты жерін айқындау, ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау, ата-ана құқықтарынан айыру (оларды шектеу) және оларды қалпына келтіру туралы, бала асырап алу және оның күшін жою туралы, кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы даулар бойынша, кәмелетке толмаған баланың әкесін анықтау және одан алименттер өндіріп алу туралы, әке болуды анықтау туралы және баланы күтіп-бағуға пайыздық қатынаста немесе нақты ақшалай сомада алименттер өндіріп алу туралы, алименттердің мөлшерін азайту туралы істер кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарда қаралып келуде.

Сондықтан да жоғарыда келтірілген санаттағы азаматтық істерді бір сотта қаралу қажеттілігін назарға ала отырып, ҚР Жоғарғы Сотының бастамасымен, ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап еліміздің барлық кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттарында, АПК-не енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, қосымша санаттағы кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзу, мүлікті бөлу (кәмелетке толмаған балалар болған кезде) туралы қосымша санаттағы істерді қарауға жататын болады. Өйткені бала отбасының қазынасы екендігін ескерсек, «Отбасы» және «Бала» деген ұғымдар – бір-бірінен ажырамас түсінік.

Сонымен қатар, Тараз қаласындағы Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының соттылығы ұлғаюына байланысты Төле би көшесінде Т.Ақбозов көшесіндегі ғимаратқа көшкендігі жайлы айтып өткен абзал.

Қорытындылай келе, алдағы уақытта отбасылық қатынастарға қатысты барлық дау-дамайлар бір сотта қаралып, шешілсе, сот жүйесіндегі реформалардың ішіндегі ең ауқымды шараның біріне айналады деген сенімдемін.

Айгүл БЕКСҰЛТАНОВА, Жамбыл облысы кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

КИЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан аумағында ұлтаралық татулық пен ел ішіндегі бірлікті ұстап тұруда тіл саясатының маңызы үлкен.

Мемлекетте жалпыұлттық татулық пен рухани бірлікті қамтамасыз ету көптеген мықты елдердің қолынан келе бермейтінін уақыттың өзі дәлелдеді. Міне, осындай жауапты мәселені қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тіл маңызды рөл атқарады. Елімізде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту бағытындағы жұмыстар жақсы жүргізілуде. Сот жүйесі саласында бұл мақсатта көптеген бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер қабылданып, түрлі іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілуде. Мемлекеттің ең басты заңы – Конституцияның 7-бабында Қазақстанның мемлекеттік тілі – қазақ тілі екендігі көрсетілген.

Мемлекеттік биліктің үшінші тармағы ретінде сот жүйесі саласында да мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Алға аудандық сотында бұл бағыттағы жұмыстар үнемі басты назарда ұсталып келеді. Атап айтқанда, аудандық сот ғимаратында сотқа тапсырылатын талап қоюлар мен шағымдардың қазақ тіліндегі үлгілері, заңнамалардың, ақпараттық тақталардың, басқа да ресми құжаттардың қазақ тіліндегі нұсқалары үнемі жаңартылып орналастырылады. Сонымен қатар әртүрлі семинарлар мен дөңгелек үстелдер, басқа да іс-шаралар барысында мемлекеттік тіл барынша кеңінен қолданылуда.

Р. КУЛМАГАМБЕТОВА, Алға аудандық сот әкімшісінің басшысы АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

АСЫЛ МҰРА

Тіл – халықтың жүрегі. Онда ұлттық болмыс, рух пен салт жатыр.

Ата-бабамыздың басынан талай қиын, нәубет, зұлмат күндер өткені тарихтан белгілі. Сондай сын сағаттарда атамекен қонысын тастап, босқан халық тілін сақтады, көзінің қарашығындай қадірледі, ұрпағына аманат қылды. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің жер бетінен өшіп, жойылып кетуі, алдымен осы ана тілін жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелде-

ген. Қазақ тілі осы қауіпті еңсерді. Жоғалмады, жойылмады. Ұлттың өзегі іспетті бүгінмен жалғасты.

Тілдің құдіреттілігі сондай, сол қиын-қыстау күндерде елдің, ердің, жердің құнын осы екі ауыз сөзбен шешті. Сол үшін де кешегі тарихымыздан бүгінгі күнге жеткен қасиетті тілімізді жоғалтып алмауымыз керек. Тілсіз тұтас ұлттың өмір сүруі мүмкін емес. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып, басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Тіл – ұлттың жаны. Ол халықпен бірге өмір сүріп дамиды,

әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі.

Тілді тұғырына көтеру, өркендету – баршаның ісі. Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесін одан әрі нығайтып, оның мәртебесін асқарту – кеудесінде қазақ деп соққан жүрегі бар әр азаматтың қасиетті борышы.

Алмагүл КАЮПОВА, Атырау қаласының әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің жетекші маманы

СҰХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ең алдымен, алғалы жатқан үйдің салынған жылына назар салу керек. Себебі, бізде негізгі оператор – «Отбасы банк». Ал банктің шарты бойынша, панельді үйді 50 жылдан асса, ал кірпіш үйді 60 жылдан асса, кепілге алмайды. Сондықтан неғұрлым салынған жылы жаңа үй қарасаңыз, өзіңізге жақсы. Тіпті ертең сатқан кезде де қиындықтар туындамайтын болады. Өйткені жылы ескі үй ипотекаға өтпегендіктен, қолма-қол ақшаға сатуға тұра келеді. Ал Алматы секілді ірі қаладан үй алуға көп адамдарда қолма-қол ақша жоқ.

Үй алар кезде біз көбіне оның жөнделу жұмыстарына, жиһазына мән беріп жатамыз. Ол да үйдің бағасына әсер етеді. Егер үй жақсы жерде орналасса, оны алып алуға тырысу керек. Себебі жөндеу жұмыстары деген уақытша нәрсе. Қолыңа ақша түссе, бір жылда жасап аласың. Үйдің қабатына мән беру маңызды, мүмкіндік болса, бірінші және соңғы қабаттан үй алмауға тырысыңыз. Бірінші қабаттарда көбіне саңырауқұлақ өсу қаупі бар, астындағы магистральдар тозуы мүмкін, ал жоғарғы қабаттарда шатырдан су кету қаупі жоғары. Сондықтан барынша орта тұстан қарау керек. Ал жер үй көрсеніз, саман мен каркас ипотекаға өтпейтінін есте сақтаңыз.

Жылжымайтын нарық саласында да «алыпсатарлар» кезігеді. Олар ескі, жөндеу жұмыстары нашар үйлерді сатып алады да, арзанқолды жөндеу жұмыстарын жасап, үстіне баға қосып, сатып жібереді. Сатып алушылардың 80-90 пайызы үйдің ремонттына мән беріп, сатып алып жатады. Ал оның көрізі не болып жатыр, балконы қандай, үйдің тұрған жеріне аса мән бере бермейді. Бір ескеретін жайт, жылдың соңында баға әрдайым қымбаттау болады. Жаңа жылды барлығы өз үйінде қарсы алуға тырысады. Көбінесе осы кезде жылжымайтын мүлікке деген сұраныс жоғары болады. «Өлі кезең» деген бар, ол қаңтар-ақпан айлары. Жаңа жылдан кейін адамдарда ақша бола бермейді. Үй алар кезде сол айларда іздеген дұрыс. Жаз – жылжымайтын нарықтың қара қазаны қайнайтын кез.

Ал құжаттарға келсек, біріншіден, үй кепілде тұр ма, соны байқауымыз керек. Адамдар арзан бағаға жүгіріп жатады. «Арзанның жілігі татымас» демекші, оның да өз шикілігі болуы ғажап емес. Мысал келтірейін, менің бір клиентім, қателеспесем, әл-Фараби – Жароков қиылысынан бір үй тапты. Үйдің бағасын арзан көрсетіп тұр екен. Клиентім «алам да, аламға» басты. Сосын бір шикілікті сезіп, «беріңізші, қожайынмен тілдесейін» дедім. Қожайынмен тілдесем, үй кепілде тұр екен. Мейлі, кепілде болса, аударып алуға болар деп, қалдық сома анықтамасын сұраттым. Қожайын осыдан бастап «үй інімнің атында», «ол басқа қа-



Дариға Өскенбаева, ипотекалық брокер:

«ДЕЛДАЛДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢ ЖОҚ»

лада еді», «залог беріп қойсаңыз, ұстай тұрамын» деп, мен қойған сауалдардан, сұраған құжаттарымнан безе бастады. Есіңізде болсын, үйдің құжатын тексермей, ешқашан алдын ала төлем жүргізбеңіз. Ипотекалық брокер ретінде айтарым, егер ипотекаға үй қарасаңыз, бірінші банкпен сөйлесіп, кейін үй қараңыз. Өйткені сізге ипотека беру, бермеуді банк шешеді. Банк шешімі анық болған соң, соған икемделе үй қарау – естілік. Ипотекаға қараған үй бірінші банктің атында болатындықтан, құжат жағынан қателікті банктің өзі жібермеуге тырысады. Ал қолма-қол алам десеңіз, арнайы мамандармен жұмыс жасау сізді алаяқтардан сақтап қалады.

Қазір жүйе түгел автоматтандырылған. Қазіргі келісімшарттарда штрихкод тұрады. Сол арқылы тексергенде, сіздің үйіңіздің қандай статуспен тұрғанын бірден көре алады. Үйдің тіркелген не тіркелмегенін бірден біле алады. Яғни, келісімшарттың форматы жыл сайын өзгереді. Екінші жүретін құжат –

техпаспорт, үйдің сипаттамасы. Үйдің мекенжайы және кадастр нөмірі көрсетіледі. Кейінгі техпаспорттарда үй иесінің аты жазылмайды, 2015

са, оны міндетті түрде ауыстыру керек. Онда үй иесінің аты-жөні, кадастр нөмірі қаламмен жазылып тұрады, балкон бөлек тұруы мүмкін, жаңа стандарт бойынша ол жалпы шаршы метрге кіріп тұруы керек. Осының барлығы техпаспортта көрініс таппаса, оны жаңарту керек. Оны қалай жаңартады? ХҚКО-ға барады, тапсырыс береді, ол құзырлы мекемелерге сұрау жібереді. Одан адамдар келіп, үйдің шаршы метрін қайта өлшеп, жаңа техпаспорт пен қорытынды сараптама береді.

Балкон жалпы шаршы метрге кіріп тұрса, үйдің шаршы метрі бірге, кірмей тұрса, бөлек болады. Балконы жалпы шаршы метрге кірмей қалған үйлерді ипотекамен алмай жатады. Бәрібір жаңа техпаспорт сұратады. Қолма-қол ақшамен ала береді. Кейін үй иесі өзі жөндетіп алады.

Жаңа үйлерде көрініс табатын проблемалар – үйдің жоспарын өзгертіп жіберіп жатады. Ал оны техпаспортқа енгізбейді. Ас үйдің қабырғасын алып тастайды немесе бөліп, қабырға тұрғызып алады. Ал оны ипотекаға сататын болса, тағы да өтпейді. Сол себепті қандай да бір өзгерістер енгізсе, техпаспортты міндетті түрде заңдастыру керек. Негізгі техпаспорт пен үйдің қазіргі

қалпындағы жоспарда өзгерістер, айырмашылықтар болса, екі түрлі үй болып саналады да, ол үйді банк кепілдікке алмайды.

болып сол балаларының аты-жөндері жазылып тұрады. Сатқан кезде барлық баланың рұқсаты керек болады. Жекешелендіру қуәлігі деген болады, ол да келісімнің орнына жүреді. Осының барлығын тексеретін №2 анықтама деген құжат бар. Оны тек үйдің иесі ХҚКО-дан алады. Сондықтан үй сатарда осы құжаттардың барлығын ретке келтіріп алған дұрыс.

– Жасыратыны жоқ, көптеген сатып алушы алаяқ риелторлардың құрбаны болып, алданып қалады. Бұл мәселенің қалай алдын алуға болады?

– Жалпы, еліміздегі риелторлық кәсіпке келетін болсақ, осыған қатысты қандай да бір заңнама жоқ. Риелторлар жұмысын реттейтін, қадағалайтын белгілі бір орган жоқ. Кез келген адам риелторлық компанияда жұмыс істей береді. Бұл ретте заңдық тұрғыдан еркіндік берілген. Үйде істейтін риелторлар бар, оларды «маклерлер» деп атайды. Алматыда маклер десе, Астанада риелторлар дейді. Өздері жеке кәсіпкерлік ашып алып, офистері жоқ, үйде отырып істей береді. Жалғыз адам өзіне-өзі жұмыс істейді. Ондай адамдардың қызметінің ақысы төмен болады. Алайда оның біліктілігіне ешкім кепілдік бере алмайды. Ертеңгі күні алдап кетсе де, таба алмайсыз. Ондай жағдайларды күнде естіп те, көріп те жүреміз. Мысал келтіре кетейін, танысымның анасы осындай алаяқ риелтордың құрбаны болды. Ол үйді көрсетіп, бағасын 2-3 млн-ға асырып айтады. Ол кісі үйді ұнатып, аламын деп шешіп, жаңағы риелторға 300 мың кепілпұл беріп қояды. Жаңағы риелторымыз үй иесінен де сонша ақша алып алады. Үйді сату-сатып алу шартын жасағандай болып, қол қойғызып алып, қайта барлық құжатты өзімен бірге алып кеткен. Апамыздың қыздары үйді тым қымбатқа алып жатқанын біліп, шартты бұзбақшы болып, риелторды іздеп, таба алмай қалады. Не ақша жоқ, не риелтор жоқ. Мұны неге айтып отырмын, бұл нені көрсетеді? Бұл дегеніміз – біздің елде нақты жүйе жоқ. Сатушы мен сатып алушының ортасындағы делдалдардың жұмысын реттейтін нақты заң жоқ. Біреуі өзінің аты үшін жұмыс істейді, біреуі бір күндік ақша табу үшін жұмыс істейді.

Риелтор іздеген кезде, бұрын үйді сатқан не риелтор арқылы үй сатып алған таныстарға жүгінген дұрыс. Егер көңіліңізден шыққан риелтор болса, ол кез келген адамға сондай жұмыс сапасын көрсетеді. Бірақ ұтылмас шешімдердің бірі – біз секілді ипотекалық брокерге жүгіну. Өйткені банкпен тікелей жұмыс жасағандықтан, дұрыс құжаттар тізбегін жасау біз үшін өте маңызды.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рақмет!

**Нұрбол ЖЫЛЫС,
«Заң газеті»**

КӘСІПКЕРЛІК

КӨПФУНКЦИЈАЛЫ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ

Алматыда алғаш рет кәсіпкерлерге қызмет көрсететін көпфункционалы орталық өз жұмысын бастады. Онда мемлекеттік, банктік, сервистік және қаржы институттарының қызметтерін қоса алғанда, заңды тұлғаларға арналған 800-ден астам қызмет көрсетіледі.

Көпфункционалы орталық Жібек жолы даңғылы, 135 (Амангелді көшесінің қиылысы), 2-блок, 8-қабат мекенжайында орналасқан.

Кәсіпкерлерге қызмет көрсететін көпфункционалы орталықтың ашылу салтанатына Өңірлік кеңес мүшелері, бизнес-қоғамдастық, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты.

«Кәсіпкер үшін ең құнды ресурс – оның уақыты. Біз бизнес үшін анағұрлым тиімді алаңды құрғымыз келеді. Мұнда салық мәселелерін шешу, банк менеджерімен кеңесіп, сервистік қызметтердің толық спектрін алуға болады. Орталықта кәсіпкерлер салықтық және бухгалтерлік есепті тапсыру, заңды тұлғаны тіркеу, жылжымайтын мүлік жөніндегі құжаттарды заңдастыру, қызметкерлерге уақытша тұруға рұқсат алу және басқа да қызметтер көрсетіледі», – деп атап өтті Алматы қаласы кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры Нариман Ибрагимов. Айта кетейік,

бұл – еліміздегі кәсіпкерлерге қызмет көрсететін үшінші орталық. Осыған ұқсас екі орталық елорда мен Шымкент қаласында пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр.

Алматыда кәсіпкерлер әзірге жаңа орталықтың мүмкіндіктерін бағалап, танысып жатыр.

«Өте ыңғайлы, барлық қызмет бір ғимаратта. Палатаға әдетте СТ-KZ сертификаттарын рәсімдеуге келемін. Кезегімді күткенше жолай кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығына кіріп, салық есептілігін біліп, қандай да бір анықтама аламын. Кәсіпкерлерге арналған қызметтер спектрі артса, қайта қуанамыз», – деді кәсіпкер, орталықтың клиенті Марат Сейітов.

Жыл сайын Алматы қаласы шағын және орта кәсіпкерліктің өсуі бойынша Қазақстанда

Бір ескеретін жайт, жылдың соңында баға әрдайым қымбаттау болады. Жаңа жылды барлығы өз үйінде қарсы алуға тырысады. Көбінесе осы кезде жылжымайтын мүлікке деген сұраныс жоғары болады. «Өлі кезең» деген бар, ол қаңтар-ақпан айлары. Жаңа жылдан кейін адамдарда ақша бола бермейді. Үй алар кезде сол айларда іздеген дұрыс.

жылға дейін жазылып келген болатын. Себебі үйді сату-сатып алу процесі жиі болғандықтан, техпаспортты қайта-қайта ауыстырмас үшін жасалған. Бұл қағазбастылықты азайту мақсатында жасалған дүние. Егер үйдің техпаспорты ескі бол-

Үйдің меншік иесі екенін дәлелдейтін тағы бір құжат – сыйға тарту қуәлігі. Әке-шешесі баласына үйді қалдырып кеткенде, осы құжат болу керек. Болмаса үй иесі қайтыс болған жағдайда балаларына үлес болып бөлінеді, сол кезде үй иесі



бірінші орында. Бүгінде мегаполисте 380 мыңға жуық ШОБ субъекті тіркелген. Оның ішінде жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілері – 323 мыңнан астам. Бұл – 2022 жылдың сәйкес кезеңінен 39%-ға жоғары көрсеткіш. Енді олардың барлығы жаңа Кәсіпкерлерге қызмет көрсететін көпфункционалы орталықта «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет ала алады.

Еске салсақ, Кәсіпкерлерге қызмет көрсетудің көпфункционалы орталықтарын бүкіл

ел ауқымында ашу жоспарланған. Жобаның басты мақсаты – бизнесті қалыптастырудың барлық кезеңінде: идеядан бастап жобаны толық іске асыруға дейін бизнес пен кәсіпкерлік бастамасы бар қазақстандықтарды кешенді сүйемелдеу.

Орталықтың жұмыс кестесі: Дүйсенбіден жұмаға дейін – сағат 9:00-18:00 (түскі үзіліс – 13:00-14:00).

**Н. ЫНТЫМАҚҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢІМЕ

Айдар САЙТБЕКОВ,

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясының бастығы, полиция генерал-майоры:

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНҒА ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ КАДРЛАР ҚАЖЕТ»

– Айдар Мүтәлікұлы, өзіңіз басқаратын оқу орнының ерекшелігі неде?

– Жалпы, оқу орнының басшысы ретіндегі менің негізгі миссиям – академияны жоғары кәсіби кадрлар дайындайтын жетекші орталыққа айналдыру. Жаңа Қазақстанға жаңа форматтағы жоғары білікті полиция кадрлары қажет. Осыған байланысты, бүгінгі таңда физикалық және интеллектуалдық жағынан дамыған, ашық, коммуникативті, соның ішінде сыни жағдайдан шығудың жолын таба алатын және кез келген мәселеде қажетті шешім қабылдай алатын бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандар дайындау бойынша жұмыс жүргізіп келеміз. Соның ішінде спорттық дайындыққа ерекше көңіл бөлінеді. Себебі, спорт физикалық қасиетті дамытумен қатар, адамның интеллектуалдық қабілетін қалыптастырады.

Осыған дәлел ретінде шахмат ойынын айтар едім. Бұл ойын ерекше – интеллект пен стратегиялық ойлауды дамытуға арналған спорттың түрі. Шахмат, сонымен қатар полицейлер үшін зейінді шоғырландыру, өз стратегиясын талдау және әзірлеу, байсалдылықты жоғалтпау, әртүрлі қиын жағдайда тез және дұрыс шешім қабылдау, ақылға қонымды тәуекелге бару немесе тәуекелден бас тарту сияқты маңызды қасиеттерді дамытуға көмектеседі.

– Шахмат ойыны академияда жақсы дамығанын білеміз.

– Биыл академияда шахмат спортына насихаттау үшін бірқатар іс-шара өткіздік. Мәселен, алғаш рет академияда шахматтан алғашқы турнир өткіздік. Оған Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық ұланның, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ҰҚК Шекара қызметінің, Қаржы мониторинг агенттігінің, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің өкілдері қатысты. Турнир аясында полиция қызметкерлерінің балалары да сынға түсті. Ең кішкентай ойыншылар үшін оқыту тренингтері ұйымдастырылса, ал ересек балалар қызметкерлермен тең дәрежеде шахматтағы өз дағдыларын көрсетті. Мұндай жарыстар жастардың зияткерлік деңгейін көрсетуге мүмкіндік береді. Ерекше атап өтерілі, осы сайыста жүлделі орындарға ие болған үш жеңімпаз конкурстық іріктеу нәтижесі бойынша біздің Академияға оқуға түсті.

– Интеллектуалдық ойыннан бөлек, қандай спорт түр-



леріне ерекше мән бересіздер?

– Әрине, біз ұлттық спортты дамытуға ден қойып отырмыз. Мәселен, биыл Отан қорғаушылар күніне орай құқық қорғау органдарының әскери және арнаулы оқу орындарының қызметкерлері арасында қазақ күресінен «Қауымдастық Барысы» турнирін өткіздік. Аталған шара қарсаңында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және М.Есболатов атындағы Алматы академиясының 65 жылдығына орайластырып «Академия Барысы» турнирі ұйымдастырылды. Бұл да – ұлттық спортты дамытудағы маңызды қадамның бірі.

Қазақстан әлемге боксшыларымен танымал. Біздің академияда көптеген танымал боксшылар жұмыс істеді, сабақ берді. Солардың бірі Мұхит Дәуленбаев – халықаралық дәрежедегі спорт шебері болса, Марат Мәзімбаев – кәсіпқой боксшы, ІВА нұсқасы бойынша әлем чемпионы. Осындай спортшыларды мақтанышпен айту керек. Ерекше атап өтерілі, Академияда олимпиадалық стандарттағы бокс рингі бар. Мұнда халықаралық республикалық және өңірлік жарыстар өткізіледі. Мәселен, өткен жылы біз оны Алматы қаласы күніне арналған ка-

деттер мен жасөспірімдер арасында кикбоксингтен Алматы қаласының чемпионатын өткізу үшін ұсындық. Бұл жоғары дәрежедегі көрсеткіш деп айтуға болады.

Қолданбалы спорт түрлерінен басқа, біз командалық жұмыс пен ойлауды, стратегия дағдыларын, үйлестіру мен ептілікті, коммуникативті және командалық рухты дамытатын спорт түрлерін қолдауға және дамытуға тырысып жатырмыз. Мәселен, керлинг деген олимпиадалық спорт түрі бар. Оны «мұздағы шахмат» деп те атайды, өйткені керлинг физикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой дағдыларын дамытады, соның ішінде: назар аудару, үйлестіру, реакция жылдамдығы, ерекше ойлау, стратегия құру және жедел шешім қабылдау қабілеттерін дамытады. Керлингтің басты артықшылығының бірі – командалық спорт, онда тиімді қарым-қатынас және командада жұмыс істеу дағдысы дамиды. Сонымен қатар, керлинг жарақат алу қаупі аз, ең қауіпсіз спорт түрлерінің бірі болып табылады. Міне, осындай спорттың түрінен академияда өз командамыз құрылды және бұл бірегей команда. Өйткені ол Қазақстан Республикасының Әскери, арнайы және құқық қорғау

органдары арасындағы керлинг бойынша жалғыз команда болып табылады.

Сондай-ақ соңғы уақытта академияда петанк сияқты спорт түрі қарқынды дамып келеді. Бұл спорт түрін Дүниежүзілік Олимпиада комитеті мойындайды және бүкіл әлемде кең таралған спорттың түрі. Петанкты жеке немесе командада ойнауға болады, ол стратегиялық ойлау мен интеллектіңі, тәзімділік пен үйлестіруді, командалық және коммуникациялық дағдыларды дамытады. Академияда барлық халықаралық стандарттар бойынша жасалған және Қазақстан Петанк федерациясымен сертифицирталған петанк ойнауға арналған алаң бар.

Биыл «Динамо» ФСО ҚБ-мен бірлесіп, петанктан алғашқы турнир өткіздік. Жарысқа журналистер мен полиция қызметкерлерінен құралған командалар қатысты. Турнирдің негізгі мақсаты спорт шеберлігін арттыру және полиция қызметкерлері мен БАҚ өкілдері арасында достық пен сенімді қарым-қатынас орнату болды.

Сонымен қатар, академияда жастардың полиция қызметкерлеріне деген сенімін нығайту, оларды салауатты өмір салтына баулу бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мысалы, «Полициядағы бір күн» деген әлеуметтік жобамыз бар. Бұл жастар арасында түрлі құқық бұзушылықтар жасау қаупін азайтуға, соның ішінде спортқа және жұмыспен қамтудың оң түрлеріне баулу арқылы экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған. Осы жобаларға қатысу арқылы жастар кейінгі өмірде пайдалы болатын құнды білім мен дағдыларды алады. Мысалы, қиын жағдайлардан аман қалу, аймаққа бағдарлау, алғашқы медициналық көмек көрсету, есту қабілеті нашар адамдардың яғни, мүмкіндігі шектеулі жандардың жест тілін түсіну сияқты құндылықтарға баулуға үйретеді.

– Спорттың сіздің өміріңіздегі орны қандай?

– Спортта жолым болған адаммын. Себебі мені атақты жаттықтырушы Александр Афанасьевич Гендриксон баулады. Сондағы бар арманым қоңыр белбеуге жету еді. Жас кезімде футболға деген қызығушылығым да басым еді. Қазақ КСР Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Леонид Константинович Остроушканың жетекшілігімен «Восток» футбол клубы үшін жартылай қорғаушы болып жаттығып, жарыста өнер көрсеттім. Одан бөлек, грек-рим күресімен де айналыстым. Осы спорт түріндегі тәлімгерім, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушысы Бақытбек Мырзахметұлы Өтегенов болды.

Кейін ИИМ Академиясына оқуға түстім, онда бізге самбо және қоян-қолтық ұрыс тәсілдерін үйретті. Академияны бітіргеннен кейін жедел және тергеу жұмыстары бойынша қызмет атқардым. Осы кезеңде мылтық атуға қатты қызығушылық таныттым және осы спорт түрінен жарыстарға белсенді қатыстым. Спорттағы жетістіктерім үшін тәлімгерлерім мен жаттықтырушыларыма ризамын. Олардың бәрі есімі

бас әріппен жазылатын, сүйікті ісіне жанын салатын кәсіпқойлар. Солардың арқасында өмір бойы спортпен айналысып келемін.

– Академия түлектерінің спортқа қызығушылығы қалай?

– Академия қызметкерлерін спортқа тарту үшін бізде оқитын барлық тыңдаушылардың бойына спорттық хоббилерді сіңіруге тырысамыз. Бұл кез келген адамның қызығушылығын оятады. Сонымен қатар, тауға шығу және «Денсаулық баспалдақтарымен» көтерілу жақсы дәстүрге айналды. Мәселен, бастапқы даярлықтан өтетін, қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға келген тыңдаушыларымыздың әрбірі Медеу шатқалындағы «Денсаулық баспалдағының» 842 сатысын бағындырады.

Мен үшін ИО қызметкерлері арасында спортты дамытудың үлгісі Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов болып табылады. Ол кісінің спорттағы жеткен жетістіктері ұшан-теңіз. Дзюдодан спорт шебері және таэквондодан қара белбеу иегері. Марат Мұратұлы «Динамо» ДШСҚ ҚБ төрағасы бола отырып, ИО қызметкерлері арасында спортты дамыту бойынша орасан зор жұмыс жүргізуде. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Асқар Омарқұлов мырзаға «Динамо» ДШСҚ ҚБ-ға қолдау мен ынтымақтастық үшін зор алғысымды білдіргім келеді. Біздің барлық спорттық іс-шараларымыз «Динаманың» қолдауымен өтеді. Бұл ұйым ішкі істер органдарының қызметкерлері арасында дене шынықтыру мен спорттың дамуына үлкен үлес қосады.

Жыл сайын біз ұжымымызбен спорттық тимбилдингтер өткіземіз. Осындай тимбилдингтерімізге басқа бөлімше ұжымдарын шақырамыз. Мәселен, осы жылдың сәуір айында академияның оқу-далалық лагерінде Алматы қаласы полиция департаменті мен Алматы қаласы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің ұжымымен бірлесіп тимбилдинг өткіздік. Командалар асық ату, арқан тарту, армрестлинг, үстел теннисі сияқты басқа да спорттық ойындардан бақ сынады. Бұл ұжымды біріктіреді әрі бірлескен мақсатқа жетуге ынтыландырады, өмірге деген құлшынысты, спортқа деген қызығушылықты, жақсы көңіл-күйді арттырады. Осындай құндылықтарды бағалай білетін адамдарға бақ қонатыны белгілі.

Жалпы, спорт адамдарды біріктіреді, оларды бір-бірімен таныстырады, жағымды эмоция сыйлайды. Сондықтан мен спортты өмірімнің маңызды бөлігіне айналдырадым, сондай-ақ жаттығуларға достарды, әріптестер мен жақындарымды шақыруға тырысамын. Ең бастысы, Алматы академиясы барлық спорт қауымдастықтарымен ынтымақтасуға әрқашан ашық. Біз қызықты және перспективті жобаларды қолдауға, сондай-ақ қазақстандық спортты танымал етуге және оны дамыту үшін өз алаңдарымызды ұсынуға дайынбыз!

– Өңгімеңізге рақмет!

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

МІНБЕР

Конституцияның 75-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Ата заң, сонымен бірге, ел Президенті – халық пен билік бірлігінің, Конституция – мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны және кепілі деп бекіткен. Яғни, азаматтардың құқығы мен бостандығын, олардың заңды мүдделерін қорғау мақсатында мамандандырылған соттар құрылып, өз деңгейінде жұмыс жасап жатыр.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап Әкімшілік әділет іске асырылды. Осыған орай Қазақстан Республикасы бойынша жаңа мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылды. Қазір осы соттар жария-құқықтық қатынастарда және заңды тұлғалардың бұзылған

СУДЬЯ ТӘУЕЛСІЗДІГІ – СОТҚА ДЕГЕН СЕНІМНІҢ АЛҒЫШАРТЫ

құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру жолында сот төрелігін жүзеге асыруда.

Соттар материалдық-техникалық жағынан жарақтандырылды. Жаңа ғимараттар салынды. Соттарды мамандандыру мәселесі бойынша реформа жалғасуда. Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігі академиясы судьялардың біліктілігін арттырып келеді.

Соттардың шешіміне қарап, қоғамның мемлекетке деген көзқарасы қалыптасады. Сондай-ақ, сот билігінің әділдігі мен тазалығы мемлекеттің демократиялық дамуының негізгі көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты судьяларға, судьялыққа үміткерлерге қойылатын талап та күшейтілген. Алқабилердің қатысуымен аса ауыр қылмыстық істерді қарау тәртібі енгізіліп, қамғау алу туралы бұлтартпау шаралары прокуратура құзырынан алынып, сотқа берілді.

Судьялардың іс қараған кездегі тәуелсіздігін, сот билігінің беделін әрі қарай жоғарылату мақсатында биыл Жоғарғы сот жанындағы соттар әкімшілігі қайтадан реформаланып, ҚР Сот әкімшілігі құрылды. Сот әкімшілігінің мақсаты – сот төрелігін толық және тәуелсіз іске асыру үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар жасау, соттардың жұмысын әрі қарай ұйымдастыру, материалдық-техникалық және басқа да қызметтерді қамтамасыз ету болып табылады. Судьялар өздерінің қызметінде тек сот төрелігін іске асырады, жұмыс барысында тек Конституция мен заңға ғана бағынышты болады. Сондықтан судьялар тәуелсіздігі сотқа деген сенімнің алғышарты болып табылады.

М.ТАШЕВ,
Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ПӘРМЕН

Бас прокуратура АИТВ жұқтыру оқиғасының орын алуына байланысты еліміздің медициналық мекемелерін тексеруді тапсырды.

АЛМАТЫ АУРУХАНАСЫНДА ҮШ АДАМ АИТВ ЖҰҚТЫРДЫ

Алматы қаласының Орталық қалалық клиникалық ауруханасында үш пациент АИТВ инфекциясын жұқтырған. Осы факті бойынша ішкі істер органдары Қылмыстық кодекстің 118-бабының 3-бөлігі (екі немесе одан да көп адамға қатысты жасалған адамның иммун тапшылығы вирусын (АИТВ) жұқтыру) бойынша қылмыстық істі тергеп-тексеруде. Оқиғаның барлық мән-жайларын анықтау бойынша шаралар қабылданып жатыр.

Қазақстанда соңғы 10 жылда медициналық мекемелерде вирусты жұқтыру дерегі алғаш рет тіркелді. Сондықтан мұндай фактілердің алдын алу мақсатында Бас прокуратура Денсаулық сақтау министрлігіне стационарлық, амбулаториялық-емханалық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін ведомстволық бағынысты медициналық мекемелерде кешенді тексерулер жүргізу туралы талап жіберді. Бірінші кезеңде 549 медициналық мекемені тексеру жоспарланған. Бұл мәселе Бас прокурордың ерекше бақылауында.

Бас прокуратураның баспасөз қызметі

ПАРА АЛУ ДА, ПАРА БЕРУ ДЕ – ҚЫЛМЫС

Елімізде 2015 жылы 18 қарашада ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы жарияланды. Заңның басты мақсаты – қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу үшін қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың белен алуына тосқауыл қоя білу қажет.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жоюды басты назарға алғанымыз жөн. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамытумен қатар, осы төңіректегі құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру міндеттерін шешетіндей жағдай жасауымыз керек.

Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары



тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кезеңді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі – парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытқан жөн. Яғни пара беруді,

пара алуды үлкен қылмыс санап, айыптайтындай қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет жасап, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын

алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан-жылға өсіп келеді. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеттігі жететін қызметкерлердің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігін шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз ету міндетін деп көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар: мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы; құқықбұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар; кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын құйттеуі; мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы. Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырғап, тыныс-тіршілі-

гін тарылтатын, сөйтіп, олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдесме бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл індетке қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үдесінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының белгісімен іс қозғаудың бір негізі – азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің Конституциялық құқығын қорғауға міндетті. Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы – құқық қорғау органдары. «Тура биде тұған жоқ, тұғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік, абыройы орасан мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Данияр АХШАЕВ,
Түркістан облысы
кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
сот әкімшісінің басшысы

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

3. Хабарландыру
ҚР ТЖМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша «Заря» филиалы, ОҚО, Арыс қаласы, болат трансшейялық резервуарларды (3 бірлік) (РТС) күрделі жөндеу, резервуарлық парктің дизельдік тобын авиациялық сақтау үшін қайта бейімдеу» жұмыс жобасына қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: ҚР ТЖМ ММРК «Резерв» ШЖҚ РМК, заңды мекенжайы: Астана қ., Адольф Янушкевич, 2, БСН 990140003130, Тел.: 8(7172)23-56-05, Бас директор: Асансеитов Р.М.

Әзірлеуші: «Промэнергопроект» ЖШС, заңды мекенжайы: 071400, ШҚО, Семей қаласы, Қаржаубайұлы көшесі, 183 Б, БСН 010340003185, Тел.: 87222342506, директоры: Калистратова А.А.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар 25.08.2023 ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: тел. +77011224118 және эл.мекенжайы: usp@dgosrezerv.kz

4. «ВостокУгольПром» ЖШС Астана қаласы МАЭС-ның 08.08.2023 ж. ұйғарымымен «PROFTRANS» ЖШС-не қатысты, БСН 170940025784, оңалту рәсімдерін қолдану туралы сот өндірісі қозғалды. Мекенжайы: Астана қаласы, Қонаев көшесі, 6 үй. Тел.: 87019909056.

5. «Монолит-2011» ЖШС, БСН 110440000066, өзіне «Үстем-2011» ЖШС-н, БСН 110940022085, қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды көшесі, Складская көшесі, 8. Тел.: 87074739146.

6. «Үстем-2011» ЖШС, БСН 110940022085, өзінің «Монолит-2011» ЖШС-не, БСН 110440000066, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды көшесі, Складская көшесі, 8. Тел.: 87074739146.

12. Рудный қалалық сотында Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 191 үй мекенжайында тұратын Олег Валерьевич Смирновтың арызы бойынша қайтыс болған Смирнова Антонина Ивановнаның, 25.01.1942 ж.т., Қостанай облысы, Рудный қаласының тумасы Смирнова Антонина Ивановнаның орналасқан жері туралы мәліметтері бар тұлғалар бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Рудный қалалық сотына хабарлауыңызды сұраймыз.

13. «Нұр-Астық 2005» ЖШС (БСН 041240003000) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетіндігін хабар-

лайды. Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Егінді а/о, Егінді ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 23 үй. Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 21 қыркүйек 2023 жыл, сағат 14:00-де.
Күн тәртібінде: «Нұр-Астық 2005» ЖШС мүлкін кепілге беру.

15. «Жамбыл 2030» ЖШС құрылтайшыларының (қатысушыларының) кезектен тыс жалпы жиналысы 2023 жылдың 25 қыркүйек күні Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылы, Шаруашылық кеңсесінде өтетіндігін хабарлаймыз. Күн тәртібінде: Серіктестік директорын сайлау; «Жамбыл-2030» ЖШС құрылтайшыларының ынталы тобы.

МҰРАГЕРЛІК

14. 22 наурыз 2023 жылы қайтыс болған азамат Кадыргалиев Мураттың атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, «Авангард-3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе, мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

ТАРАТУ

2. «IMT Store» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 201140021096, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Әбілқайыр хан даңғылы, 78 үй.

7. «Bakery Sunakata» ЖШС, БСН 220840033035, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Қызылорда обл., Жаңақорған ауданы, Сунақата ауылдық округі, Сунақата ауылы, Манап Көкенов көшесі, 11 үй, индексі N19E6D3. Тел.: 87786974596.

8. «Алтын-1 2019» ЖШС, БСН 191240002895 (Қазақстан, Абай облысы, Семей қаласы, Мұхтар Әуезов даңғылы, 41 үй, н.п.5, индекс 071400), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей облысы, Рысқұлбеков көшесі, 6 үй, 5 пәтер. Тел.: 87713706857.

9. «Консалт РТ» ЖШС, БСН 190940033431, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Сайран ықшамауданы, 3 үй, 32 пәтер. Тел.: 87024351111.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «ТTrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KAZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шапшапары. argawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. ал-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 870152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaidybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАЙҚАУҒА!

Шілденің аптап ыстығы қайтар емес. Қызылорда қаласы бейне балқып тұрғандай, үп еткен жел жоқ. Елуден асса да, Жақсыбайға тыным жоқ, шебер ұста екенін білетіндер бірінен соң бірі кезектесе шақырып, тапсырыс береді. Отбасының қажеті де ойдан шықпайды, сондықтан ол міндетіне алған шаруаны тиянақты атқарады.

Биыл қала шетінен үй салушылар көбейген, сондай үй салушының бірі, сірә, ауқатты болса керек, жаңадан салынған үйінің барлық есігін оюлата ағаштан салдырмақ екен. Қыс айларында мұндай жұмыс бола бермей, арасында түрлі жалдамалы жұмыс та жасайтын ол мына тапсырысқа бар ын-тасымен кірісті. Өзінің үйі қаланың екінші шетінде болғандықтан, Жақсыбай әлгі үйге түнеп жұмыс жасаймын деп шешті. Өйткені жолға біраз уақыт кетіп қалатын. Мұны тапсырыс беруші де құп көрді. Үстіне қара футболка, қара қоңыр шалбар, басына ақ кепка киіп, құрал-саймандарын рюкзак-сөмкесіне салып үйінен шыға бергенде, Жақсыбайдың жүрегі жаншып кеткендей болды, көңілі қобалжыды. Апыр-ай, не болды екен? Мұндай жоқ еді бұрын.

Әлгі үй иелері өте жақсы адамдар екен, тамағы мен сусынын дереу даяр ете қояды. Бұған да керекті сол – жұмысқа жанын сала кірісті де, үш күн өткенде үйдің барлық есігін ағаштан оюлап салып болды. Үй иесі уәделескен ақшаны қолына ұстатқанда, мұның көңілі өсті. Қомақты қаржы алса, сөйтпегенде қайтсін. Үй иесіне Жақсыбайдың жұмысы ұнағаны соншалық, артынша ауласына ағаштан орындықтар мен үстел жасап беруді сұрады. Немерелерін сағынған ол ойланатын, жергілікті ел «құсқанат жіп» атап кеткен полипропилен жіп арқасындағы рюкзак-сөмкеден шумақталса сыртқа шығып қалған екен, сол темір есіктің шошайып тұрған сымна ілініп қалғаны. Не екенін түсінбей әуеліде шошып кеткен Жақсыбай жүрегі басып, қолымен сипай көріп, өз жібі екенін білді. Сонан соң тартқылап көріп еді – болмады, жіп жіберер емес. Айқайлап үйдегілерді шақыруға намыс жібермеді, әйтеуір, итшілеп, темірге қиқалай егеп барып, күшке сала жіпті үзді...

Адам баласының құпия тылсын күштердің бар екенін мойындағанымен, тұра көз алдында болып жатқан жәйт-тарға мән бермейтін бар ғой. Үйдің өзі Жақсыбайдың кетуіне қарсы болған сынай танытты ма, әлде жіп абайсызда ілініп қалды ма, тек Аллаға мәлім. Бес күн өткен соң Жақсыбайдың әйелі Ботагөз апа полиция басқармасына келіп, күйеуінің үйіне келмей, із-түзсіз жоқ болып кеткені туралы арызданған еді.

Жоғалған ұста

Оның арызы бойынша іс тергеуші Ерлан Жұмаевқа тапсырылды. Алайда, ол «Жоғалған адам арақ ішіп кеткен» деген болжамға сенімді болып, табылады деген оймен бұған немқұрайлы қарады. Екеуі сөйлесіп отырғанда кабинетке кірген аға тергеуші, капитан Әзиз Сапар әңгімеге құлақ түре қалды.

– Күйеуім қайда кетсе де маған ескертіп отыратын, тіпті, арақ ішіп отырса да жөнін, мекен-жайын хабарлап, маған ескертетін. Ұялы телефонын жанынан қалдырмайтын, енді хабарла-лассам – өшірулі. Бұл тегін емес қой... Ойпырмай, аман болса жақсы болар еді, жүрегім бір жамандықты сезетіндей. Әй... Балам! Сендер күйеуімді іздейсіздер ме өзі...
– Ой... Апа...Қайда кетер дейсіз... Күйеуіңіз арақ ішіп жатқан шығар бір жерде, біздің уақытымызды босқа алып отырсыз ғой...

Тергеуші Әзиз Сапар ой ұшқырлығымен, тиянақтылығымен көзге түсіп жүрген, үздік тергеушілердің бірі бола-



тын. Ол шыдамай әңгімеге араласты: «Неге олай дейсің? Саған адам тағдыры ойыншық па, бұл кісі күйеуін іздеп келіп отырған жоқ па?» Бұған Ерлан шырт ете қалды.

– Менің жұмысым ұнамаса, арызды өзің алып, қалай жұмыс жасағың келеді, солай жұмыс жасай бер.

Әзиз арызданушыны тастап кете алмады, кабинетіне әкеліп, мән-жайды сұрастыра бастады. Күйеуінің аты-жөні мен ұялы телефонын ақ параққа түсірді. Ер адамның ерекше белгілерін сұрап, үйінен шығу мақсатын, үстінде қандай киім болғанын, жұмыс жасауға кеткен жерін, үй иесінің ұялы телефонын жазып алды. Күйеуін іздеп келген әйелді «Хабар болып жатса, айтамын» деп кабинетінен шығарып салысымен, дереу Жақсыбайдың ұялы телефонын нөмірі арқылы табуға баяннат жазып, қылмысты іздестіру бөлімінің жедел уәкілдеріне тапсырды.

Із кесу

Тергеу мен іздестіру жұмыстары басталып кетті. Жақсыбайдың жұмыс жасаған үйіне барған Әзиз оның нағыз ағаш ұстасы екенін ұқты. Шебердің қолынан шыққан оюлы есіктер көздің жауын алады. Өзін Алматы Фалым деп таныстырған үй иесі Жақсыбай ұстаның шеберлігі туралы тамсана әңгімелеп, оны күтіп жүргенін, «Екі күннен кейін келемін деп еді, әлі жоқ. Сөзінде тұратын кісі көрініп еді. Иә, ол осыдан бес күн бұрын үйіне кеткен, қайтып келетін болған... Құрал-заттарының жартысын тастап кетті, керек болса көрсетейін» деп қосалқы болмеге бастады.

Әзиз үй иесі көрсеткен заттарды қарап шықты, Жақсыбай шынымен біраз құрал-сайманын, кей заттарын тастап кеткен екен. Ойына күдік кірген тергеуші осы кез тосын сұрақ қойды.

– Сізге не үшін құрал-сайманын тастап кеткен? Жұмысын бітірсе, заттарын алып кетуі керек емес пе?

– Иә... Маған оның жұмысы ұнап, аулама ағаштан орындықтар мен үстелдер жасап беруін сұраған едім, ол келісті. Ақысын да уәделестік, бірақ «үйіме барып келейін» деді. Мен оның істеген жұмысы үшін келісімді екі жүз мың теңге ақшасын беріп жібердім. Бар білерім – осы.

Үйдің іші мен ауласын толық қарап шығып, күдікті ештеңе таппаған соң, заттарын хаттама бойынша рәсімдеген Әзиз басқармаға бет алды. Кабинетіне келіп, қағазға түсіре отырып, ойын қорытты. «Егер Жақсыбайдың ақшасын бергісі келмей, араларында жанжал болса, Алматы оны үйінен қуып шығуы керек. Бірақ үйінен қуып шықса, ұста заттарын тастап кетпес еді. Сонда оны... Жо-жоқ, олай емес шығар».

Күдік

Әрине, тергеуші ойында Жақсыбай тірі емес болуы мүмкін деген пайымдар болды, бірақ мұны ойлауға да, сыртқа шығарып айтуға да болмайтынын түсінді. Дерек Жақсыбайдың суреттерін әлеуметтік желіге, теледидар арқылы іздеу салуға, барлық ауруханалар мен мәйітханаға сұраныс жасауға ұсыныс жіберді.

Алғаш күдікке үй иесі Фалым Алматы ілінгенмен, дәлелдер жеткіліксіз еді. Арыз тіркелгеннен бері он күн өтті, Алматының көршілері мен видеокамера бар жерлерді қарау да нәтиже бермеді. Күні бойғы жүріс те шаршата бастады, ілік етер ештеме жоқ. Шөл қысқан Әзиз сусын сатып алуға сол маңайдағы дүкенге кірді. Ой... Алла-ай... Тергеуші дүкенге кірген бойда-ақ олжаға кезіккенін түсінді, сатушы қыз жанындағы анасына ұялы телефонын көрсетіп: «Мама! Мынаны қараңыз... Мына адам анада дүкенге келген кісі емес пе... Иә, иә... Дәл өзі ғой... Жоғалып кетіпті дейді...» – деп жатқан еді. Анасы да дереу назарын ұялы телефонға аударып, түсі бұзыла: «Иә...сол... Дәл өзі» – деді. Көздері телефондағы суретте, әңгімелесіп тұрған олар бұл кезде қастарында жақын тұрған өзге адамды аңғармай да қалған болатын.

Әзиз бірден іске кірісті, өзін таныстырып, әлгі әңгімедегі адам туралы сұрай бастады. Сатушылар әлеуметтік желіде көрсетілген ол адамның дүкенге осыдан оншақты күн бұрын келіп, екі бөтелке сыра алған соң, шығып кеткенін айтты. Тергеуші тағы да күдіктене бастады. «Е...Енді Алматының қатысы жоқ сияқты. Із дүкенге келіп тірелді. Мыналар бірдеме жасырып тұрған жоқ па екен. Әйтпесе, күніне бұл дүкенге қаншама адам кіреді...»

– Дүкенге күніне келуші көп, неге осы адам естеріңізде қалды, әлде денесінде жарақаттар бар ма еді, бәлкім бұрыннан танытын шығарсыз?

Бұл сұрақты қойғанда тергеуші екі мақсат көздеген болатын, біріншісі – ұста Алматыпен төбелесіп, дүкенге содан соң кірді ме, ондай жағдайда дене жарақаты болуы керек, екіншісі – ол мыналармен бұрыннан таныс па екен. Олай болған жағдайда осы тұста бір гәп бар боп шығады.

– Жоқ, ешқандай да жарақат болған жоқ, оның иығында қара түсті сөмкесі болды, екі бөтелке сыраны соған салып жатқанда сүргі, қашау, кішкене балғаны көріп қалған болатынмын. Өзінен сұрағанымда ұста екенін айтты. Солай тілдесіп қалған соң есімде қалды.

Тергеушінің Алматыға қатысты күдігі сейілді, егер Алматы ұстаны ұрып, қуып жіберсе немесе өлтіріп

алса, ол бұл дүкенге келмес еді және келсе, жарақаттары да көзге түсер еді. Бұл жерде Алматының қатысы жоқ секілді. Бірақ дәл нақты айтуға әлі де ерте. Тергеуші тағы да із кесуге шықты...

Күәгер

Тамыз айының да ортасы ауды, бір ай бойғы іздеу жұмыстары еш нәтиже бермеді. Бастықтардың қабағы салыңқы, тіпті, «Іздеу не боп жатыр?» деп сұрауды да қойды. Жақсыбайдың туыстары да енді қаралы хабар күтіп отырған секілді. Әзиз сонда да іздестіруді жалғастыра берді, басшылардың «Бұл да құрдымға кеткен іс болды. Іздеуді тоқтат!» дегеніне де қараған жоқ. Сондай күндердің бірінде кезекші бөлімнен телефон соғылды. Біреулер келіп тұрған көрінеді. Бұл кабинетке жіберуін сұрады.

Келген әйел Жақсыбай сыра сатып алған дүкеннен үш жүз-төрт жүз метрдей жердегі жанармай құю бекетінің қызметкері екен. Орындыққа отырар-отырмастан әңгімеге кірісті.

– Әлгі...Ана...телевизордан көрсетіп жатқан еркекті мен көргенмін. Осыдан бір айдай бұрын бізге келген. Біздің жанымызда дүкен бар ғой. Содан екі бөтелке арақ алды. Аңадай жерде бір жігіт күтіп тұрды...

– Екі бөтелке арақ алғанын қайдан білдіңіз? Бір жігіт дегеніңіз кім?

– Шырағым! Осы сен маған сенбей отырған сияқтысың ғой. Дүкен біздің заправка қонторының ішінде емес пе? Менен үш метрдей жерде тұрып, арақ алды екі бөтелке, сосын оны рюкзак па, әйтеуір, соған ұқсас қара сөмкесіне салып, иығына асынды да шығып кетті. Сол кезде ыстықта мына қасқа ана арақты іше өледі ғой деп ойладым. Біздің терезе үлкен, содан қарап тұрғанмын, әлгі аңадай жерде тұрған жастау жігітке барып қосылды.

– Олардың қайда кеткенін білмедіңіз бе?

– Қайда кетуші еді. Күн ыстық, не үйлердің көлеңкесіне барады, не қарсы беттің барлығы бос жатқан, қамыс өскен жер емес пе... Сол жаққа барады да...

Әзиз ойланып қалды. «Апыр-ау, сол қамысты айнала қарай беріппіз, неге ішін аралап көру ойға келмеген. Мейлі сор болар, мейлі су болар, қарауымыз керек еді ғой. Негізгі «Масаға таланың сы келген біреу болмаса, сол қамысқа кім кірер дейсің» деген учаскелік инспектор сөзінің жетегінде кетіпті-ау». Ол тез ойын жиып, келушіге тағы да сұрақ қойды:

– Басқа бір өзіңізге оғаштау көрінер ештеңе байқаған жоқсыз ба? Ол адамның денесінде жарақат болмады ма?

– О не дегенің... Ешқандай жарақат жоқ. Тек аздап пиво ісі шығып тұрды. Ол құрғырдың иісі ыстықта аңадайдан ұрады ғой. Айтпақшы... Тұра тұр... Ол сөмкесіне бөтелкелерді саларда, бір шумақ құс қанат жіп алып соны шынылардың арасына салды. Бөтелкелер бір-біріне соғылып, сынбасын дегені шығар... Сосын екі пластик стакан, бір қола алды...

Күәгер кетісімен, тергеуші ойын қорыта бастады. Демек, ана алғашқы дүкендегілердің де бұған қатысы болмады. Сыра ішкесін мыналарға келсе, жарақаты болмаса... Иә, не болса да әлгі екі бөтелке араққа қатысты болып тұрған сияқты. Ана жігіт кім екен? Енді соны іздестіру керек болды, дүкеннен де бақылауды алмау керек.

Қамысты аймақ

Жұмыс бағытын басшылыққа ескертіп, Әзиз қала шетіндегі қамысты аймақты қарауға кірісті. Тағы бір күн нәтижесіз кетті. Тапсырылған басқа істерді жүргізе отырып, толастаған сәтте ғана қарағасын жұмыс өңсін бе?! Әріптестері бөлімге жақында келген жас тергеуші Болат Аббасовты қасына алуға кеңес берді. Болатпен сөйлесе келе, Әзиз оның қылмыс ашуға деген ынтысын, аңға құмарлығын, біршама деңгейдегі аңшы-балықшы екенін бай-

қады. «Әкем бала күннен қасына ертіп, алтыншы сыныпта-ақ мерген атанғанмын», – деп күледі ол сөз арасында.

Ертеңіне түске дейін басқа істермен айналысып, Әзиз түстен кейін Болатты ерте қала шетіндегі қамысты аймаққа барды. Болатқа өзінің қарап шыққан маңын көрсетті. Сол екен Болат күлкіге бассын.

– Оу, не болды?

– Ту... Әзке! Ол тұстың қамыстары көлеңке болып қарық болмайтын аласа ғой. Босқа әуре болғансыздар. Егер адамға көлеңкелі жер керек болса, анау тұсқа барады. Қалыңға қарай...

Әзиз өз олқылығын түсініп, жас әріптесіне: «Сенікі жөн, Болат. Не дегенмен охотниктің аты – охотник. Ал, онда енді баста жолға», – деді.

Болат алда, бұл соңында, қалың қамысты жарып келеді.

– Болат-ау, дұрыс келеміз бе?

– Әрине, жолдас капитан. Адамдар салған жалғыз аяқ жолмен келеміз.

Сәлден соң жағымсыз, күлімсі иіс сезіле бастады, алдыңғы жақтан қара құрым боп көк шыбын ұшты. Бұлар аздан соң бір мәйітке тап болды.

Белгісіз мәйіт

Бұл шақырған оперативті топ сол манды толық қарап, бейнетаспа, фотоаппараттарын іске қосты. Сол топ қызметкерлері әкелген медициналық маска мен резеңке қолғапты киген бұлар да іске кірісті. Әзизді «Мына мәйіт кімдікі екен, біреу өлтіріп кеткен бе, әлде өзі ажалынан қайтыс болды ма екен, мүмкін Жақсыбай емес шығар? Егер ол болса туысқандары тани ала ма?» деген сұрақтар мазалауда.

Айнала қамыс өсіп кеткен, биіктігі шамамен үш-төрт метрдей, қамыс аумағы шамамен жиырма шаршы метрдей, ортасында сулы соры бар, ол тұс ойыла түсіп сай болып қалған екен. Ортасына түскен уақытта көше түгілі, айнала да көрінбей қалды. Тек төбінде ашық аспан ғана, айнала қоршаған ну қамыс. Сор шетінде мәйіт елпетінен жатыр екен. Жақындай келе оның бас сүйегі ғана қалғанын, ал қалғаны толық шіріп кеткені, аяғының және қолдарының саусақтарынан дым қалмағанын, ал жанында түсі оңып, ағара бастаған қара сөмке мен ақ түсті кепка жатқанын көрді. Мәйітті шалқасына аударғанда көзі, мұрны, ауыздан ештеңе қалмағанын көрген Әзиздің тұла бойы денесі тітіркеніп кетті. Бұл мәйіттің Жақсыбайдікі екенін іші сезді, бірақ толық, нақты, сенімді қорытынды жасау үшін сот-сараптамалық және сот-молекулярлық генетикалық сараптама қорытындысы керектігін есіне алды. Мәйітті дереу медициналық сараптама орталығының сарапшысымен қарау жүргізуге мәйітханаға алып кетті.

Мәйітхананың сарапшы маманы мәйіт жүрек тұсынан ұрылған пышақ жарақатынан қаза тапқанын және бас сүйегінің сынғанын, аяқ және қолдарының саусақтарын шибөрі және т.с.с. жеп кеткені жайлы алдын ала айтып, толық ресми қорытынды бір аптадан кейін дайын болатын мәлімдеді. Басқармада сапырылғы басталды, енді қылмыскерді табу керек қой. Деректерге тобы құрылып, оның жетекшісі болып Әзиз тағайындалды. Топқа жедел тергеу тобындағы Болат та енді. Мәйіттің киімдері дәл Жақсыбайдың үстіне киген киімдей және сөмкесін қарау барысында қашау, сүргі және кішкене балға табылды. Бұл мәйіттің Жақсыбайдікі екені нақтыланды. Бірақ оның ұялы телефоны табылмады. Әзиздің ойынан жанармай құю қызметкерінің айтқан «Құсқанат» жібі де кетер емес. Ол да жоқ.

Жаңа жол

Криминалистерден ешқандай саусақ ізін таппағаны жайлы қорытынды келді. Келесі күні Әзиз бен Болат мәйіт табылған орынға барып, қайталай тексеру жүргізді. «Капитан мырза. Бұл жермен дені дұрыс адам жүрмейтіні анық, бос жатқан жер болғандықтан, маскүнемдер мен бұзақылар осы жерге жиналатын секілді.

Бекмұхамбет ӘБДРАСУЛЛАЕВ
Қызылорда қаласы,
Тасбөгет кенті

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана

Тапсырыс №122 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талал-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31